

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 80 (9657) 1955 жылғы 23 апрель Сенбі | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

Маркстің—Энгельстің—Лениннің—  
Сталиннің туы астында, Коммунистік  
партияның басшылығымен—коммунизм-  
нің жеңісіне қарай алға баса берейік!

(СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ 1955 ЖЫЛҒЫ 1 МАЙҒА  
АРНАҒАН ҰРАНДАРЫНАН).

## СОКП Орталық Комитетінің 1955 жылғы 1 Майға арнаған Ұрандары

1. Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні, барлық елдердегі жұмысшылардың туысқандық күні — 1 Май жасасын!

Пролетарлық интернационализм туын жоғары ұстайық! Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

2. Бейбітшілік үшін, демократия үшін, социализм үшін күресіп жатқан барлық халықтарға туысқандық сәлем!

3. Барлық елдердің еңбекшілері! Егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолдарына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады, нығаяды! Халықтардың бейбітшілік үшін күрестегі бірлігін нығайтыңдар!

Халықтар арасындағы баянды бейбітшілік жасасын!

4. Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті жақтаушылардың қуатты қозғалысы жасасын! Барлық елдердің еңбекшілері, дүниежүзілік жаңа соғыс қатеріне қарсы, халықтар арасындағы бейбіт ынтымақ үшін белсене күресіңдер! Бейбітшілікті жақтаушылардың қатарын көбейтіп, топтастыра беріңдер!

5. Барлық елдердің еңбекшілері! Атом, сутегі қаруына және жаппай қырғып-жоюын басқа да қаруға тыйым салу үшін, қару-жарақты жаппай азайту үшін күресіңдер!

6. Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы күресте халықтардың ынтымағы нығая берсін! Еуропадағы барлық халықтардың баянды бейбітшілігі мен коллективтік хауіпсіздігі үшін күресіңдер!

7. Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің еңбекшілері! Бейбітшілік жауларының тіміскілеу әрекеттеріне өз күштерімізді онан әрі топтастырумен, демократиялық лагерьдегі елдердің экономикалық және қорғаныс қуатын арттырумен жауап берейік! Агрессияның қатеріне қарсы, бейбітшілік жолындағы күресте өз күштерімізді бұрынғыдан да тығыз біріктірейік!

8. Халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын орындау үшін, елді индустрияландыру үшін, социализм негіздерін орнату үшін ойдағыдай күресіп жатқан ұлы қытай халқына туысқандық сәлем!

Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қуатты факторы — совет және қытай халықтарының мызғымас берік достығы мен ынтымағы жасасын, көркейе берсін!

9. Халық шаруашылығы мен мәдениетті онан әрі өрге бастыру үшін, халықтық-демократиялық мемлекеттердің қуатын нығайту және халықтардың әл-ауқатын ұдайы арттыра беру үшін, социализм орнату үшін ойдағыдай күресіп жатқан халықтық демократия елдерінің еңбекшілеріне туысқандық сәлем!

Халықтық-демократиялық елдер мен Совет Одағының мызғымас берік достығы және ынтымағы жасасын, нығая берсін!

10. Халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін, бейбітшілік үшін, Кореяның демократиялық негізде ұлттық бірігуі үшін күресіп жатқан Корея Халықтық-Демократиялық Республикасының қаһарман халқына туысқандық сәлем!

11. Бейбітшілік және демократия үшін, Отанының халық шап-

26. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктер, мастерлер! Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста жаңа табыстарға жетіңдер! Еңбек өнімділігін арттыру жолындағы бүкілхалықтық қозғалысты өрістетіңдер! Техникалық прогресті онан әрі дамыту үшін, ғылымның табыстарын, ең жаңа техниканы және озат тәжірибені өндіріске кеңінен енгізу үшін тынбастан күресіңдер!

27. Социалистік өнеркәсіп қызметкерлері! Өндіріс жоспарын орындау үшін күресіңдер, кәсіпорындардың біркелкі жұмыс істеуін қамтамасыз етіңдер! Өнеркәсіптегі резервтерді ашып, пайдаланыңдар, еңбек тәртібін онан әрі нығайтуға, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге жетіңдер!

28. Көмір өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Барлық шахталардың өндірістік жоспарларды орындауына жетіңдер, өндірісті ұйымдастырудың цикл алу әдісін енгізіңдер, техниканы пайдалануды жақсартыңдар! Жаңа шахталар мен разрездерді тезірек салыңдар, олардың жобалағы қуаттарын меңгеріңдер! Халық шаруашылығына көмірді көп берейік!

29. Мұнай өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Скважиналарды тезірек бұрғылаңдар, мұнай мен газдың жаңа кендерін ашыңдар! Әрбір кәсіпшілік пен заводта мұнай өндірудің және өңдеудің прогрестік жаңа әдістерін кеңінен енгізіңдер! Елімізге жоғары сапалы мұнайды, газды және мұнай өнімдерін көп берейік!

30. Совет металлургиягерлері! Металлургия және кен-руда кәсіпорындарының қуаттарын пайдалануды жақсартыңдар, өндіріс техникасы мен технологиясын жетілдіре беріңдер! Әрбір кәсіпорынның жоспарларды барлық түр-түрі бойынша орындауына жетіңдер! Халық шаруашылығына шойынды, болатты, прокатты және металдарды көп берейік!

31. Электротехника және радиотехника өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жоғары сапалы жабдықтар, приборлар және аппаратура жасауды барынша арттыра беріңдер!

32. Совет энергетиктері! Электр станциялары мен электр жүйелерінде жаңа қуаттарды тезірек іске қосыңдар, оларды пайдалану ісін жақсартыңдар, отын шығынын азайтыңдар! Озат техниканы кеңінен енгізіңдер!

33. Машина жасау кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Автомобильдер, тракторлар, комбайндар және басқа ауылшаруашылық машиналар шығаруды арттыра беріңдер! Халық шаруашылығы үшін жұмысты мол өнімді істейтін машиналарды, станоктерді және престерді көп берейік!

34. Химия өнеркәсібінің қызметкерлері! Халық шаруашылығына, халыққа керекті минералдық тыңайтқыштар мен басқа да химия өнімдерін өндіруді арттырып, ассортиментін ұлғайта беріңдер!

35. Құрылысшы-жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктер! Жаңа кәсіпорындарды, совхоздар мен машина-трактор станцияларын, тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды, балалар бақ-

дарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету үшін, колхоздардың ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөнінде мемлекет алдындағы міндеттемелерін мезгілінде орындау үшін күресіңдер! Тракторларды, комбайндарды және басқа машиналарды жақсы пайдаланыңдар, өнімнің өзіндік құнын кемітуге жетіңдер!

48. Совхоз қызметкерлері! Жерлерді жақсы пайдаланыңдар, егіннің шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттырыңдар! Совхоздарда өзіндік жемшөп базасын жасаңдар! Өндірісті ұйымдастыруды және техниканы пайдалануды жақсартыңдар, өнімнің өзіндік құнын кемітуге және әрбір совхоздың мемлекеттен қаржы алмай жұмыс істеуіне жетіңдер! Барлық совхоздарды үлгілі, жоғары товарлы кәсіпорындарға айналдырайық!

49. Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері! Халық тұтынатын товарлар, шаруашылық құрал-саймандарын және құрылыс материалдарын өндіруді арттырыңдар! Бұйымдардың сапасын арттырып, өзіндік құнын кемітіңдер, жергілікті шикізатты жақсы пайдаланыңдар! Халықтың тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардың жүйесін ұлғайтыңдар, олардың жұмысын жақсартыңдар!

50. Мемлекеттік және кооперативтік сауда қызметкерлері! Қала мен деревняда совет саудасын барынша өрістете беріңдер, еңбекшілердің қажетті товарлар жөніндегі тілектерін қанағаттандыруға жетіңдер, совет саудасының мәдениетін арттыру үшін күресіңдер!

51. Темір жол транспортының қызметкерлері! Жүк тасуды арттыру және жолаушыларға қызмет етуді жақсарту үшін күресіңдер! Вагондардың жүк көтеру қуатын толық пайдалануға, поездардың салмағын арттырып, олардың шапшаңдығын күшейтуге, вагондар мен локомотивтердің айналымын шапшаңдатуға жетіңдер! Темір жолдардың тыңғылықты және кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етейік!

52. Теңіз және өзен флотының қызметкерлері! Жүк тасуды барынша арттыру үшін күресіңдер! Флот пен порттарды пайдаланудың озат әдістерін батыл енгізіңдер! 1955 жылдың кеме жүзу маусымын үлгілі өткізейік!

53. Автомобиль транспорты мен тас жолдардың қызметкерлері! Жүк тасуды арттырыңдар, жолаушыларға қызмет етуді жақсартыңдар! Автомобильдерді өнімді пайдалануға жетіңдер! Тас жолдарды күтіп ұстандар, жаңа жолдар салу ісін ұлғайтыңдар!

54. Байланыс қызметкерлері! Байланыс құралдарын тынбастан өркендетіп, жетілдіре беріңдер! Почтаның, телеграфтың, телефонның, радионың мүлтіксіз жұмыс істеуіне жетіңдер! Халыққа қызмет етуді жақсартыңдар!

55. Совет мекемелерінің қызметкерлері! Мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіре беріңдер, бюрократтық пен қағазбастылықты жойыңдар! Еңбекшілердің тілектері мен мұқтаждарына тыңғылықты көңіл бөліңдер! Мемлекеттік тәртіпті нығайту үшін, социалистік заңдылықты қатаң сақтау үшін күресіңдер! Мемлекеттік аппаратты арзандатуға және оның бұқарамен байланысын онан әрі күшейте беруге жетейік!

56. Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының қызметкерлері! Советтік ғылым мен техниканы ілгері бастырыңдар! Ғылым мен техниканы ілгері бастырыңдар!



қалыптастыру үшін күресіп жатқан Вьетнам Демократиялық Республикасының қаһарман халқына туысқандық сәлем!

12. Батыс Германияны дүниежүзілік үшінші соғыс ошағына айналдырудың қылмысты саясатына қарсы күресіп жатқан Германияның бейбітшілік күштеріне сәлем!

Біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшілік Германия құру жолындағы күрестің сенімді тірегі — Герман Демократиялық Республикасы жасасын!

13. Индия халықтарына сәлем! Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің игілігі үшін Совет Одағы мен Индия халықтары арасындағы достық пен ынтымақ нығая берсін!

14. Империалистік езешілікке қарсы, өздерінің бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан отар және тәуелді елдердің халықтарына сәлем!

15. Отарлық және нәсілдік езешілікке қарсы, халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін күресіп жатқан Азия мен Африка халықтарына сәлем!

16. Англия, Америка Құрама Штаттары және Совет Одағы халықтарының халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы, мемлекеттердің бейбітшілікте қатар өмір сүруі және бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы күресінде олардың достығы мен ынтымағы жасасын!

17. Совет Одағы халықтарының және Франция мен Италия халықтарының бейбітшілік жолындағы, герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы, Европада коллективтік қауіпсіздік орнату жолындағы күресінде олардың арасында достық пен ынтымақ нығая берсін!

18. Ұлттық тәуелсіздік үшін, өз елін демократиялық жолмен өркендету үшін милитаризмді қайта тудыруға қарсы және Жапонияны империалистердің Қызыр Шығыстағы соғыс тірегіне айналдыруға қарсы ерлікпен күресіп жатқан жапон халқына сәлем!

19. Демократиялық, тәуелсіз және бейбітшілік Австрия үшін ұмтылып отырған Австрия халқына сәлем!

20. Совет Одағының бейбітшілік сыртқы саясаты — бейбітшілікті сақтаудың және баянды етудің мызғымас саясаты, жаңа соғыс әзірлеуге және бастауға қарсы күрестің саясаты, халықаралық ынтымақтың және барлық елдермен іскерлік байланыстарды өркендетудің саясаты жасасын!

21. Совет Армиясы мен Флотының жауынгерлері! Әскери және саяси білімдеріңді қажырлылықпен арттырыңдар, жауынгерлік шеберліктеріңді жетілдіре беріңдер, ең жаңа ұрыс техникасы мен кәзіргі заманғы қару-жарақты меңгеріңдер!

Бейбітшіліктің және Отанымыздың қауіпсіздігінің күзетінде тұрған, жеңістердің даңқына бөленген айбынды Совет Қарулы Күштері жасасын және нығая берсін!

22. Совет Одағының еңбекшілері! Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасайық, күштеріміз бен творчестволық жігерімізді коммунистік қоғам орнатудың ұлы ісіне жұмылдырайық!

23. Советтік құрылыстың мызғымас негізі — жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағы жасасын және нығая берсін!

24. Көп ұлтты социалистік мемлекетіміздің күші мен қуатының қайнар бұлағы — Совет Одағы халықтарының туысқандық достығы жасасын және көркейе берсін!

25. Совет Одағының еңбекшілері! Бүкіл халық шаруашылығын онан әрі өрге бастырудың, халықтың материалдық және мәдени әл-ауқатын арттыра берудің, Отанымыздың қуаты мен қауіпсіздігін нығайтудың негізі — ауыр өнеркәсіпті басымырақ өркендетуге бағытталған партия мен үкіметтің саясатын қажырлылықпен жүзеге асыра беріңдер!

өнеркәсіпшілері мен мәдениет мекемелерін неғұрлым тез салыңдар! Құрылысты барынша индустрияландырыңдар, темір-бетон конструкцияларды кеңінен қолданыңдар! Құрылыстың құнын арзандатып, сапасын арттырыңдар!

36. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің қызметкерлері! Цемент, құрастырмалы темірбетон конструкциялар, жаңа құрылыс материалдарын өндіруді арттыра беріңдер! Отанымыздың құрылыстары үшін жоғары сапалы құрылыс материалдарын көп берейік!

37. Ағаш, ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Ағаш дайындауды және тасуды, қағаз жасауды арттыра беріңдер! Еңбек өнімділігін арттырыңдар! Өндірісті ұйымдастыру ісін жақсартыңдар, механизмдерді толық пайдаланыңдар! Елімізге ағаш материалдарын, жоғары сапалы қағаз бен мебельді көп берейік!

38. Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Товарларды көп өндіріп, оның ассортиментін ұлғайта беріңдер, шикізатты үнемдірек пайдаланыңдар! Сапалы, әдемі маталарды, жақсы киімдерді, берік және сәнді аяқкиімді, халық тұтынатын басқа да товарларды көп берейік!

39. Азық-түлік товарлары, ет және сүт өнімдері өнеркәсібінің қызметкерлері! Азық-түлік товарларын өндіруді барынша ұлғайтыңдар, олардың сапасын жақсартыңдар, өнімнің өзіндік құнын кемітіңдер! Халыққа қантты, майларды, ет, сүт және басқа өнімдерді көп берейік!

40. Балық өнеркәсібінің қызметкерлері! Балық аулау және өңдеу жоспарын орындауға жетіңдер! Кәсіпшілік флотын және балық аулау құралдарын жақсы пайдаланыңдар! Балық өсіру ісін өркендетіңдер, өнімнің сапасын арттырып, өзіндік құнын кемітіңдер!

41. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС және совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары! Жыл сайын кемінде 10 миллиард пұт астық жыйнайтын болайық! Дәнді дақылдардың егіс көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттыра беріңдер, егін жыйнау кезінде ысырапты азайтыңдар! Тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде 1955 жылдың жоспарын толық және асыра орындауды қамтамасыз етейік!

42. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС және совхоз қызметкерлері! Астық өндіруді мықтап арттырудың және мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасаудың аса маңызды қайнар бұлағы — жүгері егісін барынша ұлғайта беріңдер!

43. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Социалистік ауыл-шаруашылық өндірісінің барлық салаларын мейлінше өрге бастыру үшін күресіңдер! Жоспарлаудың жаңа тәртібі негізінде барлық жерді және колхоздар мен совхоздардағы резервтерді жақсы пайдаланыңдар! Елімізге астықты, етті, сүтті, жүнді, мақтаны, зығарды, қант қызылшасын және басқа ауылшаруашылық өнімдерін көп берейік!

44. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еңбек өнімділігін арттырыңдар, еңбек тәртібін нығайтыңдар! Ғылымның табыстары мен озат тәжірибені үйреніп, өндіріске кеңінен енгізіңдер! Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, барынша өркендетуді, колхоздардың табысын молайтуды, колхозшылардың әл-ауқатын арттыра беруді қамтамасыз етейік!

45. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыра беріңдер, малдың өнімділігін мықтап арттыруға және мал санын көбейтуге жетіңдер! Елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көп берейік!

46. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС және совхоз қызметкерлері! Техникалық дақылдар өндіруді, ояқ және картоп өндіруді ұлғайтыңдар! Олардың шығымдылығын арттыруға жетіңдер!

47. Машина-трактор станцияларының қызметкерлері! Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру үшін, колхоз-

жұмыстағы кемшіліктерді батыл сынаңдар! Халық шаруашылығын өркендетуде және еліміздің техникалық прогресін қамтамасыз етуде советтік ғылымның ролін арттыра беріңдер! Мамандар даярлау ісін жақсартыңдар!

57. Әдебиет пен искусство қызметкерлері! Әдебиет пен искусствоның жоғары идеялылығы үшін күресіңдер, өздеріңнің көркемдік шеберліктеріңді тынбастан жетілдіре беріңдер! Біздің ұлы халқымызға лайықты шығармалар жасаңдар!

58. Халық ағарту қызметкерлері! Мектептегі оқу және тәрбие ісінің сапасын арттыра беріңдер! Балаларды Советтік Отанға сүйіспеншілік және берілгендік рухында, халықтар арасындағы достық рухында тәрбиелендер! Социалистік қоғамның мәдениетті, білімді және еңбексүйгіш азаматтарын, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын даярлаңдар!

59. Медицина қызметкерлері! Халықтық денсаулық сақтау ісін жақсартып, өркендете беріңдер, емдеу және санитария мекемелерінің жұмысында мәдениетті арттырыңдар! Медициналық ғылымның табыстарын практикаға енгізіңдер!

60. Совет кәсіподақтары! Еңбек өнімділігін арттыру, халықшаруашылық жоспарларын толық және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіңдер! Өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін таратып отырыңдар! Жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық әлауқаты мен мәдени дәрежесін онан әрі арттыруға тынбастан қамқорлық жасаңдар!

Коммунизм мектебі — совет кәсіподақтары жасасын!

61. Совет әйелдері! Халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында, совет халқының игілігі және бақыты үшін балаларды тәрбиелеудің ізгі ісінде жаңа табыстарға жетіңдер!

Коммунизмнің белсенді құрылысшылары — совет әйелдері жасасын!

62. Коммунизмнің жас құрылысшыларының алдыңғы қатарлы отряды, совет жастарының ұйымдастырушысы, Коммунистік партияның белсенді көмекшісі және резерві — Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы жасасын!

63. Жігіттер мен қыздар, біздің даңқты совет жастары! Шаруашылық және мәдениет құрылысына, еліміздің бүкіл қоғамдық-саяси тұрмысына белсене қатысыңдар! Озат ғылым мен техниканың табыстарын қажырлылықпен зерттеп, үйреніңдер, өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінің тәсілдерін меңгеріңдер! Елімізде коммунизмнің ұлы ісінің жеңуі жолындағы күресте табанды және батыл болыңдар!

64. Пионерлер мен мектеп оқушылары! Білімді қажырлылықпен және табандылықпен меңгеріңдер! Еңбексүйгіш және тәртіпті болыңдар, оқуда табысқа жетуге талаптаныңдар!

65. Коммунистер мен комсомолецтер! Маркстік-лениндік теорияны қажырлылықпен меңгеріңдер, социалистік өнеркәсібімізді онан әрі көркейту жолындағы, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жолындағы, совет халқының әл-ауқатын ұдайы арттыра беру жолындағы, ССРО-да коммунизм орнату жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында болыңдар!

66. Еліміздің халықтарының достығы мен даңқының берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

67. Коммунизм орнатушы — ұлы совет халқы жасасын!

68. Совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінде дем беруші және басшылық етуші ұлы күш — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

69. Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен — коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

*Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті*



# В. И. ЛЕНИН—ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ДОСЫ

Ленинизм коммунизм құрылысының жолына жарық сәуле түсіруші, ұлы өмір орнықтырушы ілім болып табылады. В. И. Ленин Совет Одағының Коммунистік партиясының ұлы істерінде, коммунизмге қарай сеніммен алға басып бара жатқан біздің социалистік Отанымыздың жаңа табыстарында өмір сүреді. Біздің Отанымыздың және бүкіл дүние жүзінің миллиондаған еңбекшілері В. И. Лениннің туған күні 22 апрельді аса терең сүйіспеншілікпен атап өтеді. Еліміздің халықтары мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің санасында коммунистік қоғам құрылысындағы ұлы жеңістер В. И. Лениннің есімімен байланыстырылады.

Лениннің есімімен Қазақстанның Советтік социалистік мемлекетінің құрылуы байланысты. Ленин есімімен Қазақстан еңбекшілерінің қол жеткен тарихи жеңістері тығыз байланысты. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының гүлденуі, оның шаруашылық және мәдени құрылыс саласындағы табыстары социалистік құрылыстың мызғымайтын күшін, жұмысшы табы мен шаруалар одағының қуаттылығын, ССРО-ға біріккен барлық халықтардың мызғымайтын достығы мен туысқандық ынтымағының айқын бейнесі болып табылады.

\*\*\*

Марксизм-ленинизмде ұлт мәселесі— пролетар революциясы туралы, пролетариат диктатурасы туралы, коммунизм орнату туралы мәселенің құрамды бөлігі. Марксизм-ленинизм былай деп үйретеді: ұлт мәселесінің шешілуі тек социалистік революция процесінде және пролетариат диктатурасының жағдайында ғана мүмкін. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасалғанға дейін едәуір бұрын ұлы Ленин Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөніндегі программасын жасады. Өзінің данышпандық еңбектерінде В. И. Ленин ұлт мәселесін дұрыс шешті, біздің еліміздің халықтарын біріктірудің және көп ұлтты совет мемлекетін құрудың жолдарын белгіледі. 1917 жылдың октябрь айында жазылған өзінің «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақаласында В. И. Ленин былай деп жазды: «Россияның революцияшыл пролетариатының партиясы, великорусс тілінде жұмыс істейтін партия бөлінін шығу правосын мойындауға міндетті... Бірақ біз, өз тарапымыздан, бөлінін шығуды ешбір тілемейміз. Біз мүмкіндігінше ірі мемлекет болуын, мүмкіндігінше тығыз одақ болуын, великорусстармен көршілес тұратын ұлттардың санының мүмкіндігінше көп болуын тілейміз: біз демократия мен социализм мүдделері үшін пролетариат күресіне әртүрлі ұлттардың еңбекшілерін мүмкіндігінше көп тарту мүдделері үшін осыны тілейміз. Біз ре-

дағы күреске жігерлендірді. Еліміздің еңбекшілері Октябрінің ұлы жеңістерін қорған қалу үшін қолға қару алып контрреволюциялық күштерге қарсы бітіспес күреске шықты.

Россияның аласталған қанаушы таптары жергілікті буржуазияшыл ұлтшылдармен бірлесе отырып, әр жерде контрреволюциялық ошақтар құрды. Мұндай ошақ Қазақстанда да болды. Қазақстандағы контрреволюцияның басты тірегі алашордашылар мен ақгвардияшылар болып алды. Октябрь революциясы қайта тудырған қазақ халқы революция жауларына қарсы күреске аттанды. Алайда ұлы орыс халқының көмегісіз, еліміздің басқа халықтарымен туысқандық одақ жасамайынша қазақ халқының бір езі орыс және қазақ контрреволюциясының бірлескен күштерінің қарсылығын тойтара алмаған болар еді. Ұлы Ленин басқарған Коммунистік партияның бастылығымен орыс халқы Қазақстанда совет өкметін орнатуда көмектесті. Қазақстанда совет өкметінің орнауы көп жағдайда Оренбург қаласының кімнің қолында болатындығына байланысты болды. Совет өкметі үшін күрес мұнда өте мөте шиеленіскен сыйпат алды. 1917 жылдың ноябрінде атаман Дутовтың бандалары ақ казактарға сүйене отырып, Оренбург большевиктері мен Совет мүшелерінің көпшілігін тұтқыңға алды. Осындай сын кезеңде Оренбург жұмысшылары В. И. Лениннен көмек сұрады. Көмек дереу көрсетілді. Лениннің бұйрығы бойынша, Дутовқа қарсы Петроградтан Қызыл гвардия мен революцияшыл матрос отрядтары жіберілді. Сол кезде Самарск ревкомының председателі қызметіндегі В. В. Куйбышев В. И. Лениннің нұсқауы бойынша Дутовқа қарсы Поволжье жұмысшыларының қызылгвардиялық отрядтары жіберді.

Дутовқа қарсы күресті В. И. Ленин өзі басқарды. 1917 жылы 20 декабрьде Лениннің председателдік етуімен өткен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде И. В. Сталиннің Оренбургтегі, Уральск округіндегі және Түркістандағы жағдай туралы баяндамасы тыңдалды, сонымен бірге оған бұл жерлерде ақгвардияшыларға қарсы соғыс операцияларын басқару тапсырылды.

1918 жылы 31 январьда В. И. Лениннің тікелей басшылық етуімен Оренбургте Совет өкметі орнатылды. Лениннің инициативасымен Коммунистік партия және Совет үкметі Октябрь революциясының жеңісінен кейін-ақ Қазақстанның Советтік Автономиясын құру жөнінде зор жұмыстар жүргізе бастады. Бұл жұмыс азамат соғысы жылдарында да тоқтатылған жоқ. 1919 жылы 4 апрельде, Лениннің нұсқауы бойынша, Қолчакты талқан-

Қазақстан жұмысшылар, еңбекші қазақ халқы, шаруалар, қазақ және қызылкер депутаттары Советтерінің Республикасы болып табылады және ҚАССР РСФСР-дың құрамына автономиялық еркін мүше болып қосылады деп жарияланды.

Советтердің Құрылтай съезімен қазақ халқының ұлттық және әлеуметтік азаттығы жолындағы күресі аяқталды. Қазақ АССР-ы Россия Советтік Федерациясының құрамында туып, өсті және нығайды. Бұл тарихи фактіде ұлы орыс халқының қазақ халқына көрсеткен қалтқысыз көмегі бейнеленді.

Лениндік-сталиндік ұлт саясатының онан әрі жүргізіле беруі нәтижесінде 1927 жылы Орта Азияда ұлттық мемлекеттік межеге бөлу жүзеге асырылды. Мұның нәтижесінде бүкіл қазақ жерлері біртұтас Қазақ Советтік мемлекетіне біріктірілді. Осындай маңызды мемлекеттік ақтаны бекіту үшін Қазақстан Советтерінің бесінші съезі болып өтті. Съезд бұрын қырғыз делініп дұрыс аталмай келген қазақ халқының дұрыс аталуын қалпына келтірді. Осыған сәйкес республиканың аты да өзгертілді.

1936 жылы ССРО Конституциясының қабылдануы советтік көп ұлтты мемлекеттің дамуында аса маңызды саты болды. Жаңа Конституция бойынша Қазақ АССР-ы Одақтық Республикаға айналып, Советтік Социалистік Республикалар Одағына енді.

Партия мен үкметтің тынбастан қамқорлық жасауы және ұлы орыс халқының үнемі көмек көрсетуі арқасында Қазақстан еңбекшілері өзінің бұрынғы артта қалушылығын келмеске жіберді. Қазір Қазақстан қуатты индустриялы-колхозды республикаға айналды. Қазақ халқы өзін ұлы бостандыққа жеткізген Октябрь социалистік революциясы екенін ешуақытта да ұмытпайды.

В. И. Ленин асқан кеменгерлікпен «...артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатысы арқылы коммунизмге өте алады» (Шығармалары, қазақ тілінде, 31 том, 243-244 беттер) деген болатын. Лениннің бұл сөздері Орта Азия және Қазақстан халықтарының тәжірибесімен дәлелденіп отыр.

Советтік Қазақстан өзінің экономикалық және мәдени дамуы жағынан Шығыстың капиталистік елдерінен тұтас бір дәуір ілгері кетті. Ал Октябрь революциясына дейін Қазақстан бұл елдермен бір дәрежеде ғана болатын.

Қазақ АССР-ы құрылғаннан соң бірнеше ай өткеннен кейін, 1921 жылы апрельде В. И. Ленин былай деп жазды: «РСФСР-дің қартасына қараңыздаршы...

## ПАРТИЯНЫҢ ШАҚЫРУЫ БОЙЫНША КОЛХОЗДАРҒА ЖҰМЫСҚА БАРАДЫ



БУЛАЕВО. (Өз тілшімізден). Аудан еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің колхоздарды басшы кадрлармен нығайту жөніндегі шараларын зор қуанышпен қарсы алды. Жақында аудан орталығындағы ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерінің СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына арналған жыйналысы болды.

Жыйналысқа қатысушылар партия мен үкметтің Үндеуін қызу қуаттап сөз сөйледі. Аудандық партия комитетінің екінші секретары С. Имақов жолдас былай деп мәлімдеді:

— Коммунистік партия мен Совет Үкметінің шақыруы бойынша артта қалған колхоздарға барып жұмыс істеу, оның шаруашылығын жан-жақты өркендету бүгін таңдағы ең абройлы іс. Олай болса, менің орным—колхозда, мол астықты, сүтті, жүнді және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіру күресінің тағдыры шешіліп жатқан жерде. Менің тілегім сіздерден қолдау табады деп сенемін.

Осы сыяқты, партия мен үкметтің шақыруы бойынша колхоздарға жұмысқа бару жөнінде аудандық партия комитетінің Булаев МТС-і аймағы жөніндегі секретары Г. Шалимов, Калинин атындағы МТС аймағы жөніндегі секретары А. Марук, еңбекшілер депутаттары аудандық Совет аткомі

председателінің орынбасары Е. Гаев, аудандық село-колхоз құрылыс бөлімінің меңгерушісі Н. Бурлаков, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі М. Бектенбаев, № 1 участкадағы халық судьясы А. Гусинский және басқа бірқатар жолдастар тілек білдірді.

МАРЬЕВКА. (Телефон арқылы алынды). Бұл күндері Октябрь ауданының мекеме партия ұйымдары СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің колхоздарды басшы кадрлармен нығайту жөніндегі қаулысын кеңінен насихаттау жөнінде зор жұмыстар жүргізілуде. Бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитетіне артта қалған колхоздарға басшы қызметке жіберуді сұраған көптеген өтініштер түсті. Өтініш бергендердің ішінде аудандық партия комитетінің Семиполка МТС-і аймағы жөніндегі секретары Мелентьев, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Страхов, Коновалов МТС-і партия ұйымының секретары Зимин жолдастар бар.

ПОЛУДЕНО. Ауданның бірқатар басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлері партия, кәсіподақ ұйымдарына артта қалған колхоздарға жұмысқа жіберу жөнінде тілек білдіріп, өтініш берді. Алғашқы еріктілердің ішінде мына жолдастар бар: аудандық партия комитетінің Полудень МТС-і аймағы жөніндегі секретары Восипе-

нок, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Науменко, аудандық өндіріс комбинатының директоры Кравцун.

ЯВЛЕНКА. Жақында аудандық тұтынушылар одағы мекемесінің жалпы жыйналысы болды. Онда СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің артта қалған колхоздарға басшы кадрлармен көмектесу жөніндегі Үндеуі талқыланды. Жыйналысқа қатысушылар аудандық тұтынушылар одағы мекемесі директорының орынбасары Немалов жолдасдың колхозға жұмысқа жіберу жөніндегі тілегін қанағаттандырып, оған зор сенім білдірді.

Ауданның басқа мекемелерінде де колхоздарға жұмысқа бару жөнінде тілек білдірген адамдардың саны күн санап арта түсуде. Аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Бошатаев, еслолық тұтынушылар қоғамының председателі Теслюк, авторота командирі Вяхирев жолдастардан өтініш түсті.

СУРЕТТЕ: колхоздарға председатель болып жұмысқа баруға тілек білдірген қаладағы бір топ қызметкерлер. (Солдан оңға қарай) Н. Батуров, П. Гроздов, А. Молчанов, С. Ермолаев, А. Безуглов және А. Копылов жолдастар.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Комсомол-жастардың инициативасы

Лекциялық насихатты жақсартып береміз



волюциялық-пролетарлық бірлікті ұстап, бөлінуді емес, қосылуды тілейміз... Біз орыс (мен тіпті: великоруссе деуден де қашпас едім, өйткені бұл дұрысырақ) халық республикасының өзіне басқа ұлттарды тартуын тілейміз, бірақ не арқылы? Зорлық арқылы емес, тек қана ерікті келісім арқылы» (В. И. Ленин, Шығармалары, қазақ тілінде, 26-том, 163-164-беттер).

В. И. Ленин жасап берген ғылыми-теориялық қағида Октябрьден бұрынғы да, сондай-ақ Октябрьден соңғы да кезеңдерде ұлт мәселесі жөніндегі партиялық қарарлардың негізіне алынып келеді. Ұлттар бостандығының ұлы принциптері совет өкметінің В. И. Ленин жазған бірінші декреті—«Бейбітшілік туралы декретте» бекітілді.

Туңғыш Совет үкметінің құрамында ұлттар ісі жөніндегі халық комиссары болды. Мемлекеттік басқарудың мұндай органын адамзат тарихы көрген емес. Тек Совет өкметі ғана, өзінің алдына ұлттарды азат ету міндетін қойған өкмет ғана, мұндай органды құра алды. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, Н. В. Сталиннің ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссары болып сайлануы партияның ұлт мәселесіне қаншалықты маңыз бергендігін көрсетті. 1907 жылы 15 ноябрьде «Россия халықтары праволарының декларациясы» жарияланды. Оған В. И. Ленин мен Н. В. Сталин қол қойды. Декларацияда Коммунистік партияның ұлт саясатының негіздері белгіленді. Декларация паризмнің мақсатқа ұлттық саясатының, халықтарды бір-біріне айдан салу саясатының қарсы өшкенін, оның енді қайтып келмейтінін, ендігі жерде бұл саясаттың орнына Россия халықтарын ерікті түрде және адалдықпен біріктіру саясаты жүргізілетіндігін жариялады. Ұлт мәселесі туралы лениндік ілімнің негіздері—Россия халықтарының теңдігі мен суверендігі, олардың өзін-өзі билеуге және дербес мемлекет құруға праволы болуы бүкіл дүние жүзіне жарияланды.

Россияның шығыс аймақтарындағы халықтардың, оның ішінде қазақ халқының да революциялық белсенділігін арттыруда В. И. Ленин мен оның жақын шәкірті және серігі Н. В. Сталиннің «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» 1917 жылы 3 декабрьде арнаған үндеуі зор маңызды роль атқарды. В. И. Ленин қол қойған үндеудің жалынды сөздері қазақ еңбекшілерін тебірентіп, оларды совет өкметі жолын-

лық Орталық Атқару Комитеті (БОАБ) Оренбургде Советтердің Бүкілқазақтық съезін шақыру туралы қаулы қабылдады. Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезін шақыруға 500 мың сом қаражат бөлінді. Алайда Қазақстан территориясының едәуір бөлегін контрреволюциялық күштердің басып алуына байланысты Советтердің Құрылтай съезі шақырылмады. Осындай жағдайларда 1919 жылы 10 июльде азамат соғысы мен шетел интервенциясының қызып тұрған кезінде В. И. Ленин «Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы» декретке қол қойды. Ревком Қазақстандағы жоғарғы әскери азаматтық басқару орны болып табылып, ол мемлекеттік өкметтің барлық функцияларын атқарды.

Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет жергілікті жерлерде Советтер ұйымдастыру, Құрылтай съезін шақыруды әзірлеу және Қазақстанның Советтік Автономиясын жариялау жөнінде зор жұмыстар жүргізді. Қазақ АССР-ын құру жөніндегі әзірлік жұмыстары және бүкіл партия-совет жұмыстары Коммунистік партияның басшылығымен жүргізілді.

Барлық жерлерде де Қазақстан территориясын контрреволюциялық күштерден тазарту және В. И. Лениннің басшылығымен жүргізілген әзірлік жұмыстары Қазақстанның Советтік Автономиясын жариялауға қажетті жағдайлардың бәрін де туғызды. 1920 жылы августтың басы кезінде Лениннің басшылығымен Қырғыз революциялық-соғыс советі, Түркстан майданының революциялық-соғыс советі, РК(б)П-ның Түркстан өлкелік комитеті, Омек және Уральск облревкомдары өкілдерінің кеңесі өткізілді. Мұнда Қырғыз республикасын басқару туралы, оның шекаралары туралы және Қырғыз республикасының Советтік Россияға қатысы туралы мәселе қаралды. Кеңестің нәтижесінде БОАБ пен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің «Қырғыз Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру туралы» декретінің жобасы жасалды. 1920 жылы 26 августа бұл тарихи декретке БОАБ-тың председателі М. И. Калинин және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Ленин қол қойды.

1920 жылы 4 октябрьде Оренбургде Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезі ашылды. Съезд В. И. Ленинді өзінің құрметті председателі етіп сайлады. Съезде

Оренбург пен Омскінің оңтүстік жағында, Томскінің солтүстік жағында ұлан-байтақ кеңістіктер жатыр, бұл кеңістіктерге орасан зор ондаған мәдениетті мемлекеттер сыйып кеткен болар еді. Міне осы кеңістіктердің бәрінде де патриархалдық, жартылай тағылық, нағыз барып тұрған тағылық дәуір сүріп отыр (Шығармалары, қазақ тілінде, 32 том, 370-бет).

ССРО картасының бейнесі кезір мүлде басқаша. Омскі мен Оренбургтің (кәзіргі Чкалов қаласы) оңтүстік жағында кәзір Қазақ ССР-ы мыс, қорғасын, цинк, тас көмір, мұнай шығаратын ел, социалистік ірі ауыл шаруашылықты ел бар. Бұл ел бір кезде түгелге жуық сауатсыз болса, кәзір жанпай сауатты елге айналды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлденген үстіне гүлденуде.

Советтік Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің гүлденуі Коммунистік партияның ұлт саясатының салтанат құруы, ленинизм идеялары ұлылығының айқын, өмірлік мысалдарының бірі болып табылады. Ленинизм идеяларын басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия ғылыми негізделген және көп жылдық тәжірибеде сыннан өткен, қоғамның материалдық өмірінің қажеттері мен халықтың түбірлі мүдделерін бейнелейтін саясатты қалыптастырды. Совет халқы, оның ішінде бүкіл Қазақстанның және біздің облыстың еңбекшілері партия мен үкметтің еліміздің экономикасы мен халықтың материалдық әл-ауқатын онан әрі көтере беруге бағытталған зор программалық шараларын асқан жігерленгендікпен қарсы алды. Шаруашылық-саяси міндеттерді жүзеге асыру жолында халқымыз еңбек қарқынын күннен күнге арттырады.

Совет халқының коммунизмге қарай өрлеген жолында ленинизм идеялары жарық жұлдыздай жайнап жол сілтеуде. Ленинизм өздерінде социализм орнатып жатқан халықтық демократия елдерінің еңбекшілері үшін жеңіске бастайтын туы болып табылады. Ұлы Лениннің өсімі—бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы, жарқын болашақ жолындағы күресінің жеңімпаз туы.

**Ә. МАМЫРБАЕВ,**

Заң ғылымының кандидаты, Петропавлдағы мұғалімдер институтының директоры.

## В. И. ЛЕНИННІҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МӘЖЛІС

Кеше, 22 апрельде, облыстық драма театрының үйінде Коммунистік партия мен совет халқының ұлы көсемі В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына арналған еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советінің қаланың партия және қоғам ұйымдарымен бас қосқан

салтанатты мәжілісі болды. Мәжілісті РКП обкомінің секретары А. Попадько жолдап ашты. Мәжіліске қатысушылар СОКП Орталық Комитетінің Президиумы құрамын мәжілістің құрметті президиумына сайлау жөніндегі ұсынысты ду қолшанапалақтаумен қарсы алды.

Мәжілісте В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуы туралы Қазақстан КП облыстық комитетінің секретары Г. В. Лосев жолдап баяндама жасады.

Баяндамадан кейін қаланың көрнек өнерпаздар коллективтері мәжіліске қатысушылар үшін үлкен концерт берді.

Приешім ауданындағы Ленин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда быйыл мал қыстату маусымын өткізуде елеулі кемшіліктерге жол берілді. Колхоздардың бірқатарында мал шығынына жол берілді. Сонымен бірге, қысқы уақытта сыйырлардың құнарлылығы айтарлықтай болмады. Осының барлығына колхоздарда жемшөп базасының нашарлығы себеп болғанын атап айту керек.

Кәзіргі уақытта МТС қамтуындағы колхоздар СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысынан нақтылы қорытынды шығара отырып, жемшөп базасын нығайту мақсатымен бірқатар шаралар белгілеуде. Алдымен колхоздарда жемшөптік бағалы дақыл—жүгері өгісінің көлемі өткен жылдағыдан үш-төрт есе ұлғайтылады.

Бұл істе ауыл-село комсомолдері колхозшыларға өздерінің қолқабыстарын тигізуге және бұл істе авангардтық роль атқаруға міндеттеніп отыр. «Большевик», «Культурный пахарь», «Семеновод», «Новая жизнь» колхоздарында жүгері өсіретін звенолар ұйымдастырылса, оны басқаруға комсомол-жастар тағайындалды. Звенолар құрамы комсомолдерден және одақта жоқ жастардан толықтырылды.

Бұл күндері звено мүшелері жүгері өсіретін участоктерге жергілікті тыңайтқыштарды тасу жұмыстарын қарқынды жүргізіп, жүгері тұқымын себуге әзірлеу ісін ұйымдастыруда.

МТС қамтуындағы колхоздарда бұл дақылды өсіру жаңа іс. Сондықтан колхозшылар бұл дақылды егудің, баптал-күтудің тәжірибелерін аз біледі. Жүгері өсіретін звенолардың мүшелері бұл дақылды егудің және өсірудің агротехикасын үйрену үшін колхоздарда ұйымдастырылған арнаулы үйірмелерге үздіксіз қатысып жүр. Үйірме сабағын колхоз агрономдары басқарады.

Кәзір МТС қамтуындағы 8 колхозда комсомол-жастардан жүгері өсіретін 11 звено ұйымдастырылды. Бұл звенолардың бар мақсаты—жүгеріден көкше күйінде мол өнім алу, сөйтіп колхоздардың жемшөп базасын нығайту ісіне келеді үлес-терін қосу болып отыр.

**С. САҒЫНДЫҚОВ,**

ҚЛЖО аудандық комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушысы.

## ЖАҢА СОВХОЗДАҒЫ КОМСОМОЛ ҰЙЫМЫ

Приешім ауданында бұдан екі ай бұрын ғана тыңда ұйымдаса бастаған Аманкелді атындағы совхоз кәзір үлкен коллективі бар шаруашылыққа айналды. Мұнда Молдавия ССР-нің қалалары мен селоларынан екі жүзден астам патриоттар келді. Олардың ішінде комсомолдер 96 адам.

Жақында совхоз комсомолдерінің алғашқы жыйналысы болды. Оған совхоз

Жақында саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы Ленин аудандық бөлімшесінің конференциясы болып өтті. Онда аудандық бөлімшенің жұмысында орын алып келген кемшіліктердің беті ашылды. Бөлімшенің тоқсандық іс жоспары болмаған, қоғам мүшелерінің жыйналысы мен бөлімше басқармасының мәжілістері өткізілмеген. Қоғамның кейбір мүшелері лекциялық насихатқа, нашар араласты. Лекциялардың тақырыптары көптеген маңызды мәселелерді, әсіресе жаратылыстану-ғылыми және жарасты тұрмыс мәселелерін қамтымады. Сонымен бірге қазақ тілінде лекциялар аз оқылып келді.

Осы кемшіліктер конференцияларда орынды сынға алынды және оларды жоюдың нақтылы шаралары белгіленді. Аудандық бөлімше жұмысының талапқа сай болуын қамтамасыз ету және жергілікті жерлерде оқылатын лекциялардың сапасын жақсарту мақсатымен төрт МТС-те, екі совхозда және Ленин ауылшаруашылық техникумында қоғамның тұрақты өкілдері тағайындалды.

Қоғам мүшелерінің белсенділігін арттыру үшін мынадай тәртіп енгізілді: лекторға бірнеше лекциялардың тақырыптары беріледі де, ол өзі қалап алған тақырып бойынша лекция дайындайды. Лекциялардың идеялық-теориялық дәрежесін арттыру мақсатымен тақырыптық секциялар ұйымдастырылды.

Аудандық бөлімшенің өкілдеріне, әрбір колхоз бен совхозда, әрбір МТС-те ай сайын бір-екі лекция ұйымдастыру міндеті жүктелді. Бөлімше бұл бағытта өкілдерге үнемі көмек көрсетіп, олардың жұмысын қадағалап бақылап отырады. Оқылатын лекцияларда ауыл шаруашылығы, жаратылыстану-ғылыми тақырыптарына ерекше назар аударылады.

Кәзіргі уақытта аудандық бөлімше және оның жер-жердегі өкілдері тоқсандық жоспар бойынша жұмыс істейді. Қоғамның Ильич атындағы МТС пен Торангүл совхозындағы өкілдері Силантьев, Шевченко жолдастар қоғам мүшелерін жоспарда белгіленген шаралардың бәрін де орындауға жұмылдырып, лекциялық насихаттың бүгінгі күннің дәрежесіне сай жүргізілуіне жетісті.

Аудандағы лекциялық насихат әсіресе СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы-

ның қарарлары жарыққа шыққаннан кейін кең өріс алды. Мысалы, январь айында ауданда небары 8 лекция оқылса, февраль айында 35, ал март айында 44 лекция оқылды. Лекциялардың идеялық дәрежесінің анағұрлым жақсаруы және олардың республика, облыс, аудан колхоздары мен совхоздарының алдында тұрған міндеттерімен ұштастыра жүргізілуі колхозшылар мен жұмысшылардың лекцияға деген ықыласын арттырды, олардың саяси және өндірістік белсенділігін күшейтті.

Еңбекшілер арасында көптеген лекциялар оқып, тыңдаушылардың құрметіне бөленген қоғам мүшелері ауданымызда аз емес. Бұлардың ішінде ҚКП аудандық комитетінің секретары Плевако, аудандық аткомнің председателі Қабунасов, аудандық прокурор Тимошенко, Ильич атындағы МТС-тің партия ұйымының секретары Силантьев, агроном Матюшенко, зоотехник Личман жолдастар бар. Олардың оқып жүрген лекциялары халықаралық жағдай, СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарлары, ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясы, Бірінші орыс революциясы, Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру, Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша жер өңдеу, мал шаруашылығын өркендетудегі зоотехника ғылымының маңызы сияқты тақырыптарды қамтыды.

Қол жеткен табыстармен бірге бізде әлі де болса көптеген елеулі кемшіліктер бар. Осы күнге дейін бірқатар қоғам мүшелері, әсіресе ауыл шаруашылығының мамандары лекциялық жұмысқа араласпайды. Мысалы, агрономдар Қожаев, Пакулов, Срыбный, Сидоров, зоотехник Магвеевко, механик Лизун және басқа да қоғам мүшелері үстіміздегі жылы бірде-бір рет лекция оқыған жоқ.

Алдағы уақытта саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының аудандық бөлімшесі бұл кемшіліктерді жоюмен бірге, лекциялық насихаттың пәрменді, әсерлі жүргізілуін қамтамасыз етіп, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне өзінің лайықты үлесін қосады.

**М. ҒАББАСОВ,**

Саяси және ғылыми білім тарату қоғамының Ленин аудандық бөлімшесінің председателі.

директоры Рубцов, партия ұйымының секретары Мустафин, ҚКП аудандық комитетінің секретары Амантаев жолдастар қатысты.

Жыйналыс комсомол комитетін сайлады. Оның құрамында 5 адам бар. Комитет мүшелері өздерінің алғашқы мәжілісінде комсомол комитетінің секретары етіп Костенкова жолдасты сайлады. Ол бұрын Ылпигиев қаласындағы тоқыма фабрикасы

комсомол ұйымының тұрақты секретары болып істеді.

Комитет өзінің бір айлық жұмыс жоспарын бекітті. Онда жүгері өсіру жөнінде комсомол звеносын ұйымдастыру, жастардың күшімен мал фермаларын қыйдан тазарту, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге көмектесу және басқа шаралар белгіленген.

**Ж. ХАСЕНОВ,**



# ССРО мен Поляк Халық Республикасы арасындағы достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы Договордың он жылдығы

## Варшавадағы салтанатты мәжліс

ВАРШАВА, 20 апрель. (СОТА). Бүгін Варшавада ССРО мен Поляк Халық Республикасы арасындағы достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы Договордың он жылдығына арналған салтанатты мәжліс болды. Мәжлісті Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитеті мен Поляк Халық Республикасының Министрлер Советі шақырды.

Совет Одағы мен Польшаның жалауларымен безендірілген Поляк Мемлекеттік театрының залына партия мен қоғам ұйымдарының өкілдері, Варшава кәсіпкерлерінің жұмысшылары, ғылым, искусство, мәдениет қайраткерлері, Поляк-Совет достығы Қоғамының активтері жыйналды. Мәжліске Б. Берут, А. Завальский, К. Рокоссовский және Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы мен Поляк

үкметінің басқа басшылары келді. Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев бастаған Совет Үкмет Делегациясының президиумға келуін жыйналғандар ду орация жасап қарсы алды.

Мәжлісте ССРО-ның Польшадағы уақытша елшісі Н. А. Мельник, демократиялық лагердегі мемлекеттер елшіліктерінің басшылары болды.

Мәжлісті мемлекеттік Советтің председатели А. Завальский ашты. Ол Н. С. Хрущев бастаған Совет Одағының Үкмет Делегациясын шын жүректен құттықтады. Поляк-Совет Договорының он жылдығына байланысты А. Завальский совет халқына, Совет Үкметіне және Совет Одағының Коммунистік партиясына жалынды сәлем танырды. Ол совет халқының

коммунизм орнатуда онан әрі табыстарға жете беруіне тілектестік білдірді.

Жыйналғандар жылы шыраймен қарсы алған Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Б. Берут достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы Поляк-Совет Договорының он жылдығы жөнінде баяндама жасады.

Б. Беруттың баяндамасы кезінде, нығайтып отырған поляк-совет достығының құрметіне сан рет ду қол шапалақталды.

Бұдан кейін Н. С. Хрущевқа сөз берілді. Совет Үкметі делегациясы басшысының трибунаға келуін жыйналғандар ұзақ қолшапалақтаумен құттықтап қарсы алды. Н. С. Хрущев жолдастың құттықтау сөзі аса зор ықыласпен тыңдалды. Құттықтау сөздің қорытынды бөлімі ду орациямен қарсы алынды.

және басқа елдерге қарсы жана авантюралар үшін жалдамалы күш ретінде пайдалануға әрекеттенуде.

Париж келісімдері халықаралық қатынастардың тарихында құлақ естімеген қыр көрсетулер мен бопсалау әдістерін қолдану жолымен бекітілді. Осындай мақаралық әдіспен бекітілген Париж келісімдерінің берік негізі жоқ, өйткені бұл келісімдер халықтардың еркіне қарсы қабылданды.

Қалпына келтірілетін кәзіргі заманғы қарудың барлық түрлерімен, соның ішінде ядролық қарумен де қаруланатын, гитлершіл генералдар басқаратын және өзінің әрекеттеріне ешқандай шек қойылмайтын батысгерманиялық армияның өздеріне қандай қатер төндіретінін европалық елдердің халықтары түсініп отыр.

Париж келісімдерінен туып отырған қатерге байланысты Москва кеңесіне қатысқан сегіз европалық ел өз хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға және достық, ынтымақ, өзара көмек туралы договор жасасу үшін әзірлік жүргізуге, сонымен қатар біріккен соғыс командованиесін құруға уйғарды (ұзақ қолшапалақтау).

Герман милитаризмі қайтадан бас көтеріп отырған жағдайда, демократиялық елдердің үкметтері басқаша қыймыл жасай алмайды. Басқаша қыймыл жасаудың мәнісі—төзуге болмайтын жайбарақаттық жасағандық болар еді. Ал біздің қапылыста қалғанымыз келмейді, сондықтан бейбітшіл лагеріміздің күші мен қуатын тынбастан нығайта береміз.

Совет Одағы, барлық европалық мемлекеттердің қоғамдық құрылысының қандай екендігіне қарамастан, олардың ынтымақтасуымен және АҚШ-тың қатысуымен Европада коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасын құруға қажырлылықпен күш салып келді. Бірақ бұған жетуге мүмкін болмады, өйткені Америка Құрама Штаттарының билеуші топтары жалпыевропалық ынтымақты жүзеге асыруға жол бермей келді.

Совет Одағының Үкметі социалистік және капиталистік системалардың бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік принциптеріне негізделген бейбітшіл сыртқы саясатын жүргізіп келеді. Халықаралық саясатта екі жол, екі бағыт бар: бірінші жағынан, —Совет Одағы мен халықтық демократия елдері жақтап отырған бағыт, — бұл бағыт шешілмеген мәселелерді бейбітшілікпен шешуді көздейді; ал екінші жағынан, империалистердің бағыты, — бұл бағыт жанталаса қарулануды және соғысқа әзірленуді көздейді. Бейбітшілік ісін ардақты санайтындардың бәрі екі системаның бейбіт қатар өмір сүруін

қамтамасыз ету ісіне Азия мен Африка халықтары зор үлес қосуда. Олар өз елдерінің сыртқы саясатының аса маңызды мәселелерін шешуді өз қолдарына алып, отарлық езуділікке, соғыстар әзірлеудің және халықтарды отаршыл державалардың қол шоқпары ретінде пайдаланудың империалистік саясатына барған сайын батыл қарсы шығуда. Бұл күндері Вандунгте өтіп жатқан Азия мен Африка елдерінің конференциясы бұл істе зор роль атқарады.

Империалистер халықтар арасында араздық тудыруда, әсіресе капиталистік елдердегі халықтардың Совет Одағына, Қытай Халық Республикасына және басқа демократиялық елдерге өшпенділік сезімін тудыруға ерекше тырысуда.

Капиталистік мемлекеттердің, әсіресе АҚШ-тың көптеген көрнекті қайраткерлері тұтас мемлекеттерді жою, қалаларды қыйрату, миллиондаған адамдарды қырып-жою жоспарларын арысздықпен ашықтан-ашық айтып, даурығуда. Ал осының бәрі империалистік мемлекеттердің билеуші топтарының бейбітшілікке ұмтылып отырғанын көрсете ме? АҚШ-тың көптеген газеттері мен журналдары соғысқа әзірлену туралы тыным таппай даурығуда. Ал оның бер жағында АҚШ үкметі қарусыздануды мәселелері жөнінде ведомство құруда. Мұндай ведомство құрудың орнына, мұның өзі Совет Одағында, халықтық демократия елдерінде істеліп отырғандай соғыс насихатына тыйым салу анағұрлым жақсы болмас па еді? (Қол шапалақтау). Атом, сутегі қаруын қолдануға және оны өндіруге тыйым салу туралы Совет Одағының ұсынысын қабылдау анағұрлым жақсы болмас па еді? Адамдарды жаппай қырып-жоятын қару өндіруді емес, қайта атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануға өзара жарысу анағұрлым жақсы болмас па еді?

Совет Одағының Үкметі жанталаса қарулануды тоқтату мәселелері жөнінде айқын мәлімдемелер жасады, ал бұл істе бізді бүкіл прогресшіл адамзат қолдап отыр.

Совет Одағы өзін капиталистік дүниеден оқшаулау үшін пайдаланып отырмыс дейтін «темір қоршау» жайында империалистер адам нанғысыз өтіріктерді ойдан шығаруда. Бұл қоршауды іс жүзінде кімнің жасап отырғанын байқап көрейік. Соңғы жылдардың ішінде Совет Одағына АҚШ-тан, Англиядан және басқа капиталистік елдерден өте көп адамдар келіп кетті. Бұлардың арасында буржуазияның өкілдері, тіпті прогресшіл қозғалыстардың уағыздаудан аулақ жатқан ең реакцияшыл адамдар да көп болды. Бірақ олардың Совет Одағына келуіне рұқсат берілді. Олар буржуазиялық бас-

дәрменсіз әрекет болып табылады (қолшапалақтау).

Совет Одағының қоқан-лоққыдан еш уақытта да қорықпағаны және қорықпайтыны бүкіл дүние жүзіне мәлім. Дүниежүзілік екінші соғыс қарсаңындағы кезде Батыс Еуропа мен Американың алысты болжай алмайтын көптеген қайраткерлерінің біздің бейбітшіл саясатымызды әлсіздіктің белгісі деп көрсеткені барлық жұрттың есінде. Ал дүниежүзілік екінші соғыс жылдарында социализм елінің күші мен қуатына бүкіл дүние жүзінің жәзі айқын жетті. Біздің халқымыз кәзіргі уақытта, Совет Одағының қуаты өлшеусіз артып отырған кезде, өз күштеріне анағұрлым көміл сенеді (қолшапалақтау).

Мұнымен бірге дүние жүзіндегі күштердің арақалмағы соғыстан кейінгі дәуірде түбірін өзгергенін де есте ұстау керек. Ұлы Қытай Халық Республикасы қуатты державаға айналды, Поляк Халық Республикасы және басқа халықтық демократия елдері күннен-күнге нығайып келеді. Социализм мен демократияның күштері империалистік агрессорлардың күштерінен анағұрлым қуатты. Мұнымен тек авантюристердің ғана санаспауы мүмкін. Егер империалистер дүниежүзілік жана соғыс бастайтын болса, онда бұл соғыстың бүкіл дүниежүзілік капиталистік системаның дүниежүзімен аяқталатынында күмән жоқ (ду, ұзақ қолшапалақтау).

Социалистік лагердегі елдердің халықтары империалистік агрессорлардың тімсікілеу әрекеттерін қырағылықпен қадағалауда, өз қатарын бұрынғыдан да тығыз топтастырып, бейбітшілік жолындағы, социализм жолындағы күресте бірлігін нығайта түсуде. Олар ауыр индустрияны өркендетуге ерекше көңіл бөле отырып, халық шаруашылығын ұдайы өрде бастыруда. Мұның өзі біздің елдеріміздің бостандығы мен тәуелсіздігінің сенімді кепілі болып табылады.

Бүкіл халық шаруашылығының және елдің мызғымас берік қорғаныс қабілетінің негізі, жеңіл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудің қайнар бұлағы, халықтың әл-ауқатын арттыра берудің қайнар бұлағы ерқанан да ауыр индустрия болып жеткенін және бола беретінін біз, совет адамдары, өз тәжірибемізден білеміз. Соның өзінде біз ұлы Лениннің ілімін ерқанан да басшылыққа алып келдік және басшылыққа алып отырмыз, ал Ленин былай деген болатын: «Машиналы ірі өнеркәсіп және оны егіншілікте қолдану социализмнің бірден-бір экономикалық негізі, адамзатты капиталдың тепкісінен құтқару жолында ойдағандай күресудің бірден-бір негізі болып табылады...».

## Н. С. ХРУЩЕВТИҢ СӨЗІ

Қымбатты жолдастар, достар!

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің танысыруы бойынша біздің елдеріміз арасындағы достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы Договор жасаудың он жылдығымен байланысты сіздерді және сіздер арқамы бүкіл туысқан поляк халқын шын жүректен құттықтауыма рұқсат етіңіздер (ду, ұзақ қолшапалақтау).

Бұл Договор совет және поляк халықтары арасындағы мызғымас достықты мәңгі баянды етті, бұл достықтың тарихи терең тамырлары бар. Біздің халықтарымыздың достығы әсіресе гитлершіл басқыншыларға қарсы, Совет Одағы мен Польша халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы бірлескен күрестің барысында ерекше нығайып, шынықты.

Халықтық Польшаны өркендетудің өткен он жылы капитализмнің жекеурын бұғауларынан құтылған және социалистік құрылыс жолына түскен халықтың қандай орасан зор табыстарға жете алатынын көрсетті. Поляк халқы Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының басшылығымен күрес пен жеңістердің даңқты жолын өтіп, өз елін шын мәнісінде еркін, тәуелсіз халық республикасына айналдырды. Халықтық Польшада мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық салаларында аса зор өзгерістер жүзеге асырылды. Жұмысшы табы мен шаруалар одағы өзінің берік негізі болып табылатын халықтық-демократиялық Польша мемлекетін құрды.

лизмнің жеңісті дамуын сәтсіздікке ұшыратуды көзлеген империалистердің барлық есептері сөзсіз күйрейді, — деді Ленин. — «өйткені, қурып жету жолында тұрғанда, мұндай есептерді дұрыс белгілеуге болмайды».

Дүниежүзілік екінші соғыстың оқыйғалары бұл қорытындыны дәлелдейтін айқын сабақ болып табылады. Дүниежүзілік империализм қанқұйлы герман фашизмін асырап, қаруландырды, ал ол Совет Одағын құртамыз, Польшаның, Чехословакияның және басқа елдердің халықтарын құлданамыз деп дөмеленді. Империалистік қарақшылар есебінен жаңылды. Гитлерлік Германия талқандалды, соның өзінде халықтардың фашистік тағыларға деген өшпенділігі антигитлерлік қуатты коалиция құруға жеткізді, сөйтіп, бұл соғыс империалистер түсіргісі келген арнадан мүлде басқа арнаға түсті.

Лениннің көрегендікпен болжап білгеніндей, дүниежүзілік екінші соғыстан империалистік дүние ең елеулі жаңа зындармен шықты. Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінің халықтары өз елдерінде капитализмді құлатып, талқандады, социалистік даму жолына берік түсті.

Осыған байланысты Совет өкметінің алғашқы жылдарында шын мәнісінде данышпандықпен айтқан Лениннің мына сөздерін еске түсіруге болмайды: «бірінші большевиктік революция жер бетіндегі адамдардың алғашқы жүз миллиондарын империалистік соғыстан, империалистік дүниеден құтқарды. Келесі революциялар мұндай соғыстардан және мұндай дүниеден бүкіл адамзатты құтқарады».

қанан да барынша көмектесіп, жәрдемдесуге әзір отыр (ұзақ қолшапалақтау).

Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының мемлекеттегі басшылық ролі, жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағы, поляк халқының жанқырлық еңбегі бүкіл демократиялық лагердің көмегі мен қолдауы —осының бәрі Польшаның ержүрек және еңбек сүйгіш халқының социалистік қоғам орнатуда жаңа, бұрынғыдан да зор табыстарға жететіндігінің сенімді кепілі болып табылады.

Жолдастар! Біздің елдеріміз арасындағы достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы Договордың халықаралық зор маңызы бар. Совет Одағы мен Поляк Халық Республикасы арасындағы одақ пен достық, барлық халықтық демократия елдері арасындағы одақ пен достық герман империализміне қарсы қуатты тірек болып табылады.

Поляк-Совет Договоры милитаристік Германия тарапынан немесе онымен тікелей, не бір басқа формада бірігетіндей қайсы бір басқа мемлекет тарапынан агрессияны қайталау қатерінің қандайын болса да жою үшін Совет Одағы мен Польшаның өз қарамағындағы барлық шараларды қолдануын көздейді (қолшапалақтау). Совет Одағының европалық халықтық- демократиялық елдермен жасасқан осындай басқа договорлары да дәл осы мақсатты көздейді. Бұл договорлардың ерекше маңызы мынада: бұл договорлар басқа халықтарға, соның ішінде герман халқына да қарсы бағытталып отырған жоқ, бұл договорлар герман милитаризміне қарсы берік қорғаныс систе-



иш келеді. Поляк Халық Республикасының кәзір қуатты, барған сайын өркендеп отырған индустриясы бар, ол ауыл шаруашылығын, жеңіл өнеркәсіпті, елдің экономикасының барлық салаларын ойдағыдай өркендетуге, еңбекшілердің әл-ауқатын ұдайы арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Поляк халқының бұл табыстарға жеткен себебі сол, ол өзінің тұрмысын Маркстің — Энгельстің — Ленинің — Сталиннің жеңімпаз ілімі негізінде орнатып отыр.

Марксизм-ленинизмнің ғылыми теориясын басшылыққа ала отырып, Европа мен Азияның көптеген елдерінің халықтары қанаушылардың үстемдігін құлатып, өкметті өз қолдарына алды, сөйтіп социализм орнату жолында өсімімен алға басып келеді. Бүкіл дүние жүзінде жүздеген миллион адамдар марксизм-ленинизм туының астында күресуде.

Кемелген революционер және марксизм теориясы, барлық елдердегі еңбекшілердің ұлы көсемі және ұстазы Владимир Ильич Лениннің туғанына 85 жыл толуын бұл күндері бүкіл прогресшіл адамзат салтанатпен атап өтуде.

Ленинизм еңбекшілердің өз азаттығы жолындағы жеңімпаз күресінің жолына жарық сәуле беріп отыр. Бұқараны қамтыған лениндік идеялар қоғамды социалистік негіздерде қайта құрудың ұлы күшіне айналды.

Ленин еңбекшілер бұқарасына капитализмнен құтылу жолын көрсетіп берді. Ол большевиктер партиясын ұйымдастырды, осы партияның басшылығымен Россияның халықтары Ұлы Октябрь революциясын жасап, дүние жүзіндегі тұңғыш жұмысшылар мен шаруалар мемлекетін құрды.

Советтер елінің дүниеге келгенін империалистер аяуандық өштікпен қарсы алды. Олар барлық күшін Советтер еліне қарсы жұмсады, бірақ күйреп талқандалып, совет жерінен масқара болып қуылды. Ленинизмнен айнымайтын совет халқы еңбекшілердің шын мәнісіндегі Отаны, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің сенімді тірегі — қуатты социалистік мемлекет орнатып, елді социалистік жолмен қайта құруда бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерге жетті.

«Біздің Социалистік Советтер Республикасы, — деген болатын В. И. Ленин, — халықаралық социализмнің шамшырағы ретінде және барлық еңбекшілер бұқарасы алдындағы өнеге ретінде берік тұратын болады».

Империалистер, деп көрсетті ұлы Ленин, біздің алға басқан қадамшымызды бөгеп үшін көптеген әрекеттер жасап бағды. Ленин социализм орнатып жатқан халықтардың жеңілмес творчестволық күштеріне кәміл сенген болатын. Соци-

Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, Поляк Халық Республикасының және басқа халықтық демократия елдерінің халықтары бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің қуатты лагерін құрды, бұл лагерь тоғыз жүз миллион адамдарды — бүкіл адамзаттың үштен бірінен астамын біріктіріп отыр. Бұл лагерьдегі елдердің арасында бұрын болып көрмеген, мақсаттары мен мүдделерінің ортақтығына, тең правосық және туысқандық достық принциптеріне негізделген, жаңа қатынастар қалыптасты. Бұл лагерьдегі елдердің әрқайсысы жаңа тұрмыс орнатудың барлық салаларында бір-біріне көмектесуді көздеген шын ниетті тілектеріне сүйеніп отыр. Бұл елдердің әрқайсысы іс жүзінде еркін және тәуелсіз мемлекет болып табылады, ол өз халықтарының өмірлік мүдделерін білдіретін саясатты жүзеге асырып келеді. Міне бұдан еркін және тең правосы халықтардың достығы туралы лениндік ұлы идеялардың іске асқанын, интернационализм принциптерінің салтанат құрып отырғанын көрмеуге болмайды.

Поляк Халық Республикасы мен Совет Одағы арасындағы қатынастар міне дәл осындай қатынастар болып табылады. Совет және поляк халықтары арасында достық пен тығыз ынтымақты қолдап отыру екі елдің экономикасын ойдағыдай өркендету ісіне қызмет етеді деп Договорла білдірілген сенімді өткен он жылдың қорытындылары толық дәлелден берті. Совет Одағы мен халықтық Польша арасында, барлық халықтық демократия елдері арасында жылдан-жылға ұлғайып отырған экономикалық байланыстар біздің елдеріміздің халықтарына өзінің тамаша жеңістерін беруде. Мұның өзі халық шаруашылығын өркендету қарқынын тездетуге көмектесуде.

Дүниежүзілік социалистік рыноктың құрылуы бұған едәуір дәрежеде атсалысты, сөйтіп, мұның халықтық-демократиялық елдердің капиталистік монополиялардан экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету ісінде зор маңызы болды.

Польша мен Совет Одағы арасында халықтарымыздың мәдениетін өзара байытып отырған мәдениет байланыстары барған сайын кең көлемде өркендеп келеді.

Совет-Поляк Договоры И. В. Сталиннің: біздің елдеріміз арасындағы қатынастарда түбірлі бетбұрыс болып отырғанын бейнелейді және жаңа, демократиялық Польшаның тәуелсіздігінің кепілі, оның қуаттылығының, оның көркейе беруінің кепілі болып табылады деген сөздерін өткен он жыл толығымен дәлелден берді (ұзақ қолшапалақтау). Совет адамдары сіздердің табыстарыңызға сіздермен бірге қуанып, өзінің бауыры — Польшаның халқына оның игілікті еңбегінде өр-

Тарихтың тәжірибесі былай дейді: Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік ісі ең алдымен герман милитаризмін ауыздықтауға байланысты, өйткені ол соңғы ондаған жылдар ішінде қантөгіс соғыстарды сан рет бастап, Европа халықтарының ұлттық тәуелсіздігіне қатер төндірді, халықтарды шексіз көп апаттарға ұшыратты. Сондықтан Совет Одағы, Поляк Халық Республикасы және басқа европалық-демократиялық елдер герман агрессиясының қайталануына жол бермеу үшін барлық шараларды істеуде және істейді де.

Совет Одағы, Польша және басқа шығыс-европалық халықтық-демократия елдері арасындағы договорлар Европада қатынастардың жаңа системасын, еркін, суверенді, бейбітшіл мемлекеттер арасындағы қатынастардың Европада баянды және ұзақ бейбітшілікті қамтамасыз ету ісіне қызмет ететін системасын құрып отыр. Герман Демократиялық Республикасы да бұл іске қызмет етуде, ол біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшіл Германия құру жолындағы күресте маңызды фактор болып табылады.

Сонымен қатар, Совет Одағы мен Югославия арасындағы қатынастардың соңғы уақытта жақсара бастағандығының европалық хауіпсіздік ісі үшін зор маңызы бар. Совет Одағының халықтары Югославия халықтарына ерқашан да достық сезімдерін білдіріп келді. Біз елдеріміз арасындағы қатынастар екі жаққа бірдей негізде бұдан былай да жақсарып, нығая береді деп сенеміз.

Мұнымен бірге Югославия мен Польша арасындағы, Югославия мен Қытай Халық Республикасы және басқа елдер арасындағы қатынастар да осы бағытта өркендеп, жақсарып келеді.

Империалистік реакция күштері агрессия саясатын жүргізуде, жанталаса қарулануды жүзеге асыруда және бейбітшіл мемлекеттерге қарсы бағытталған өртүрлі блоктар топтастыруда. Міне бұл күштерге жұмысшы табы мен шаруалардың жеңісі яғни жетікесінде құрылған бейбітшілік лагеріндегі елдердің топтасқан күштерін қарама-қарсы қою қажет. Осы елдерге басшылық етіп отырған партиялардың марксизм-ленинизм принциптерін дәйектілікпен және бұлжытпай сақтауы осы лагерьдің беріктігі мен мызғаймайтындығының кепілі болып табылады.

Бейбітшілік және халықтардың хауіпсіздігін нығайту саясатына империалистік мемлекеттердің саясаты қарама-қарсы қойылып, олар Батыс Германияда милитаризмді қайта тудыруда. Халықтардың тілегімен санаспай, халықаралық договорларды аяққа басып, АҚШ, Англия және Франция үкметтері батысгерманиялық армия құруды тездетуге асығуда, бұл армияны Совет Одағына, Польшаға

жақтан шығуда. Біз капитализм елдері мен социализм елдері арасында қайшылықтар бар екенін көрмей отырған жоқпыз. Бірақ осыған қарамастан, қатар өмір сүру принципі ұстап отырып, елдер мен халықтар арасында бейбіт қатынастарды қамтамасыз етуге болағынына біз сенеміз. Капиталистердің коммунизмге қарсы екендігі, өйткені олардың капиталист екендігі жасырын сыр емес. Әлбетте, коммунистер және оларға тілектес еңбекшілердің қалың бұқарасы да — капитализмге қарсы, өйткені капитализм адамның қанаушылық системасы болып табылады, жойқын кризистер мен қырғын соғыстар тудырады, адамдардың басым көпшілігін қайғылы апаттар мен апаттарға ұшыратады.

Капиталистер мен олардың үкметтері социалистік лагерьді жоюға қаншама үміттенсе де, бұл олардың қолынан келмейді. Барлық жаңа, игілікті, прогрестік іс қандай дамып, өсетін болса, социализм лагерьі де ұдайы өсіп, нығайып келеді (қолшапалақтау). Тарихи дамудың барысын кері бұруға болатындығына шынымен сене қоятындай ақылсыздар енді көп табылмайды.

Ал оның бер жағында мынаны айта кету керек: социализм елдері өздерінің қоғамдық құрылысын басқа халықтарға күшпен қабылдағып отыр-мыс деп империализм идеологтері таратып отырған ертегілерге ендігі жерде сенушілер де аз. Революциялар сырттан келмейді. Революциялар әрбір елде еңбекшілер мен қанаушылар арасындағы ішкі қайшылықтар салдарынан болады. Бұл ежелгі ақиқатты империалист мырзалардың әлде қашан ұғынатын кезі болды.

Егер нақты фактілер мен күштердің ара салмағына байсалды көз жіберетін болсақ, онда бейбіт қатар өмір сүру — дамудың бірден-бір дұрыс және ақылға сыйымды жолы болып табылады деп қортынды жасауға болады.

Халықаралық қатынастар саласында Совет Одағы халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуді, барлық елдермен іскерлік байланыстарды және ынтымақты нығайтып, дамытуды, баянды және ұзақ бейбітшілікті қамтамасыз етуді өзінің басты міндеті деп санап отыр.

Австриямен мемлекеттік договор жасасу туралы жуырда Москвада аяқталған Совет-Австрия келіссөздері Совет Одағының шешілмеген мәселелерді бейбіт жолмен шешуге ұмтылып отырғандығының айқын белгілерінің бірі болып табылады. Бұл келіссөздердің халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету ісінде зор маңызы бар және ол, екі жақтың да ізгі ниетті тілегі болған күнде, халықаралық мәселелерді бейбіт жолмен шешуге болатындығын және шешу керек екендігін көрсетеді.

Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті

дай «темір қоршау» түріндегі кедергілерге еш жерде кездеспей, барлық жерде де болды.

Ал американы билеуші топтары не істен отыр? Олар бейбітшіл адамдарды АҚШ-қа өткізбейді, Америка Құрама Штаттарына келіңдер деп шақырылған совет азаматтарының алдына адамгершілік қасиетті қорлайтын шарттар қояды. Демек, «темір қоршау» Совет Одағында болып отырған жоқ; ол Америка Құрама Штаттарында жасалып отыр.

Немесе сауда қатынастарын өркендету мәселесін алайық. Америка Құрама Штаттары өздеріне тәуелді елдердің халықаралық еркін сауда жасасуына, әсіресе демократиялық лагерьдегі елдермен сауда жасасуына тығым салып отыр. Олардың бізге үйіліп қалған өтімсіз товарларды сатқысы келеді және соның өзінде мұның орнына стратегиялық шикізат алғымыз келеді дегенді айтады. Әлбетте, өзін өзі қадірлейтін әрбір мемлекеттің мұндай кіріштарлық шарттарға бара алмайтындығы түсінікті. Біз: тең негіздерде сауда жасайық дегенді айтып келдік және айтып отырмыз. Мұндай сауда халықтарды жақындастыруға, олардың өзара жақсы түсінісуіне көмектеседі.

Америка Құрама Штаттарының реакцияшы топтары соғыс желікесін қоздыру үшін баспасөзді, радионы, насихаттың барлық құралдарын пайдалануда, соның өзінде олар Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, халықтық демократия елдерінің саясатын агрессиялық саясат деп бұрмалап көрсетуде.

АҚШ империалистері мен олардың жалдамалы сілімтіктері империалистердің жаңа соғыс әзірлеп жатқанын өз елдерінің жұртшылық пікірі алдында ақтау үшін Совет Одағы мен басқа демократиялық елдердің қайдағы бір агрессияшылығы және ымыраға келмейтіндігі туралы айқай-шу көтеріп отырғаны кімге болса да айқын. Бұл насихат көбінесе еңбекшілерден алынатын салықтардың артып отырғанын ақтау үшін жүргізілуде, бұл салықтар жанталаса қарулануға жұмсалып, мұның өзі капиталистік монополиялардың орасан көп пайда түсіруін қамтамасыз етуде.

АҚШ-тың және басқа мемлекеттердің көптеген саяси қайраткерлері социалистік лагерьдегі мемлекеттермен желісуге болмайды-мыс, олармен тек «күш көрсету тұрғысынан» ғана сөйлесуге болады-мыс дегенді өз елдерінің халықтарына ұғындыруға тырысуда. Олар қорқыту және бопсалау жолымен өз мақсаттарына жетуге болады деп дандайсып отыр. Бірақ, мұндай тәсілдер батыс-европалық елдердің кейбір күйзелек қайраткерлеріне әлі де әсер етіп отырғанымен, мұндай тәсілдер Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және басқа халықтық демократия елдерімен қатынастарда мүлде

Біздің елдеріміздің халықтары өткен уақытта ортақ жауға — патша самодержавиясына қарсы, орыс және поляк помещиктері мен капиталистеріне қарсы, өздерінің әлеуметтік азаматтығы үшін бірлескен күрес жүргізген болатын. Олар герман фашизміне қарсы бірлесіп күрескен болатын. Соғыстан кейінгі уақытта, және он жыл бойы біз бір бірімізбен қол ұстасып, жаңа социалистік тұрмыс орнату жолында сеніммен алға басып келеміз.

Поляк халқының кемелген ұлы, Лениннің шакірті және серігі, революцияның айбынды жауынгері Феликс Дзержинский бұдан отыз жылдай уақыт бұрын Добыш жұмысшыларына жазғай хатында, Польшаның тағдыры туралы айта келіп «еркін және капиталистік державалардан тәуелсіз, Советтік Республикалар Одағымен күшті одақтасқан — социалистік Польшаны» көруді арман еткен еді. Оның бұл арманы жүзеге асырылды (ұзақ қолшапалақтау).

Бүгін, Поляк-Совет Договорына қол қойылуының он жылдығын атап өткізе отырып, Поляк Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы достықтың, өзара көмектің және туысқандық ынтымақтың халықтарымыздың игілігі мен бақытына ұдайы артып, нығая беретіндігіне кәміл сенетінімізді білдіреміз (ұзақ қолшапалақтау).

Біз сіздермен бірге Лениннің жолымен ортақ мақсатқа қарай алға басып келеміз. Социализм үшін күрестің бұл жолына мәңгі жасайтын Лениннің мәңгі жасайтын ілімі өшпес жарық нұр сәулесін төгіп отыр (ұзақ қолшапалақтау).

Бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің қуатты лагері өсіп, нығая берсін! (Ұзақ қолшапалақтау).

Совет және поляк халықтарының мызғымас достығы жасасын! (Ду, ұзақ қолшапалақтау. Барлығы да орындарынан тұрды).

Туысқан поляк халқы жасасын! (Ұзақ қолшапалақтау).

Поляк халық үкметі жасасын! (Ұзақ қолшапалақтау).

Поляк халқы социализм орнатудың сәулетті жолымен алға бастаған Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы жасасын! (Бүкіл залда ду, ұзақ орация жасалды. Барлығы да орындарынан тұрды).

\*\*\*

А. Завадский мәжілісті жабылды деп жариялады. Барлығы да орындарынан тұрды, партиялық гимн — «Интернационал» орындалды.

Салтанатты мәжілістен кейін үлкен концерт болды, оған Варшава театрларының артистері және Поляк-Совет Договорының он жылдығын мейрамдауға қатысу үшін Польшаға келген совет артистері қатысты.

(СОТА),



Дәрігерлік кеңес

Тұмау-сүзек және одан алдын-ала сақтану жолдары

Партиямыз бен үкметіміздің совет адамдарының денсаулығын сақтау мәселесіне үнемі жете көңіл бөліп, қамқорлық жасап отыруы нәтижесінде көптеген жұқпалы ауруларды жою жөнінде біздің елімізде айтарлықтай зор табыстарға қол жетті. Социалистік құрылыстары табыстар, еңбекшілердің мәдениеті мен әл-ауқатының артуы елімізде түрлі аурулар мен адам өлімін мейлінше кемітуге мүмкіндік берді. Совет өкметі жылдарында тұмау-сүзекке қарсы күресте де едәуір табыстарға қол жетті. Алайда, бұл табыстарды баянды ету үшін бұдан былай да бұл ауруларға қарсы күрес шараларын үздіксіз жүзеге асырып отыру қажет. Тұмау-сүзекті біржолата жою біздің денсаулық сақтау органдарымыздың аса маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Тұмау-сүзек (грипп)—әртүрлі жастағы адамдар арасында басқа ауруларға қарағанда өте көп тараған жұқпалы ауру. Аурудың бұл түрі бір адамнан екінші адамға өте тез жұғады.

Тұмау-сүзек адамның барлық организміне және ең алдымен нерв жүйелеріне зақым тигізеді. Науқас пайда болысымен-ақ адамның басы қатты ауыра бастайды, денесінің ыстығы кенет көтеріліп, белі, арқасы, аяқ-қолы сырқырап ауырады. Көп реттерде науқас адам тұмаура-тып, құрғақ жөтел пайда болады. Бұл жағдай ұзаққа бармай, екі-үш күн ішінде дененің ыстығы төмендейді, ал бес-алты күннен кейін науқас сауыра бастайды. Сондықтан кейбір адамдар «тұмау-сүзек науқастың жеңіл түрі, ол адам өміріне қауіпті емес» деп ойлайды. Бұл, әрине, дұрыс емес. Тұмау-сүзек организмді әлсіретіп, зақым қалдырады.

Барлық жұқпалы аурулардың микроптар арқылы пайда болатыны түсінікті. Көзіргі уақытта тұмау-сүзектің де басқа микроптардан әдеқайда ұсақ микроп—тұмау-сүзек вирусы арқылы пайда болатындығы анықталып отыр.

Тұмау-сүзектің адам организміне тигізетін зақым бірнеше түрлі және оның нәтижесі де әр түрлі болатыны түсінікті. Кейбір реттерде тұмау-сүзекті қоздырушы микроп адамның организміне енгеннен кейін науқас дамып алмайды, енді бір реттерде тұмау-сүзек жұққан адам науқасты жеңіл өткізеді және тез сауығып кетеді, ал кейде, тұмау-сүзекпен ауырған

адам төсек тартып жатады, организмде үлкен өзгеріс пайда болады, аурудың мұндай түрі адамның ажалына себепші болуы да ықтимал.

Не себепті бұлай? Бұл едәуір дәрежеде адам организмінің жағдайына байланысты. Адамның организмі тұмау-сүзек микробы енгеннен кейін оған қарсы күрес жүргізеді. Сондықтан организмге енген ауруды қоздырушы құрттың тағдыры адам организмінің, әсіресе, нерв жүйелерінің жағдайына байланысты болады.

Тұмау-сүзектің вирусы (микробы) организмге адам дем алғанда ауамен бірге енеді. Адамның мұрына және жұтқыншағына енген вирус өте жылдам өрбиді және жоғарғы тыныс алу жолдарынан бірте-бірте төмен, өкпеге қарай тарай бастайды. Ал, аурудың құрты, ең алдымен мұрына және жұтқыншаққа еніп, сол жерде өрбігендіктен, науқас жөтелгенде, түкіргенде ауру құрты ауаға шырып, төңіректегі адамдарға ауру жұқтырады.

Тұмау-сүзекке қарсы күрес жүргізуде профилактика, яғни аурудан алдын-ала сақтандыру шаралары зор роль атқарады. Сондықтан тұмау-сүзекпен ауырған адамдар дереу дәрігерге көрініп, ауруды басқаларға жұқтырудан сақтанулары керек. Өрбір азамат өзінің тұмау-сүзекпен ауыра бастағанын сезсе-ақ дереу үйіне барып жағуға, дәрігерді үйге шақыртуға тиіс. Бұл ауруханаларда, поликлиникалар мен дәрігерлік пункттерде тұмау-сүзек құртын басқаларға таратуға қарсы жүргізілетін күрестің бір түрі болып саналады.

Денсаулық сақтау органдары тұмау-сүзекке қарсы күрес жөнінде арнаулы шаралар жүргізеді. Мәселен, тұмау-сүзекпен ауырған адамдар жатқан ауруханаларға, клиникаларға және басқа емдеу орындарына сау адамдардың кіруіне рұқсат етілмейді. Балалар бақшалары мен яслилерде тұмау-сүзекпен ауырған балаларды сау балалардан жеке қоятын орындар жабдықталуда. Поликлиникаларда тұмау-сүзекпен ауырғандарды қабылдайтын бөлмелер бар. Науқастың бұл түріне шалдыққандарға оның үйінде дәрігерлік көмек көрсету ісіне өте-өте көңіл бөлінуге тиіс.

Т. ИСАЕВА. Облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орыңбасары.

Көшеде жүру тәртібі берік сақталсын

Автомобиль транспорты мен адамдардың үздіксіз артуы қалалық транспорттың жүріп-тұруын қауіпсіз ету, атап айтқанда, транспорт құралдарын неғұрлым тиімді пайдалана отырып, адамның

танана немесе басқа заттарға барып соқтығуы және машинаны аударып алуы мүмкін екендігін естен шығармау керек. Ересек азаматтардың көшеде жүру тәртібін сақтауына бағаларға да зор әсер

В. И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ПЕКИНДЕГІ САЛТАНАТТЫ МӘЖЛІС

ПЕКИН, 21 апрель. (СОТА). Бүгін Совет Одағы Коммунистік партиясының негізін қалаушы және дүние жүзінде алғашқы социалистік мемлекет құрушы В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына байланысты Пекинде Қытай Коммунистік партиясының Орталық Комитеті шақырған салтанатты жыйналыс болды.

Хуайжяньтан атына Қытай Халық Республикасы астанасы партия, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарының өкілдері, өнеркәсіпші, ауыл шаруашылығының атақты еңбекшілері, совет мамандары, СССР мен халықтық демократия елдері елшіліктерінің өкілдері лық толды.

Сахнаның төріне Владимир Ильичтің үлкен портреті қойылған. Портреттің екі жағына 1870—1955 жыл деген жазу бар. КМШ Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелерінің, сонымен бірге ҚХР-дегі СССР елшісі П. Ф. Юдиннің президентімен орын алуын залдағылар ду қол шапалақтаумен қарсы алды.

Маркс — Ленин институтының директоры Ян Сянь-чжень «өткініші дәуір туралы Ленин ілімі» деген тақырыпта баяндама жасады.

Салтанатты жыйналыстан кейін үлкен концерт қойылды.

Поляк халқы В. И. Ленинді еске түсіруде

ВАРШАВА, 21 апрель. (СОТА). Халықтық Демократиялық Польшаның еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы және көсемі Владимир Ильич Ленинді еске түсіруде. Баспоналарында, жаңа құрылыстарда, селоларда, оқу орындарында В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына арналған салтанатты мәжілістер мен жыйналыстар өткізілуде. Мұндағы үгітшілер мен насихатшылар Владимир Ильич туралы және Владимир Ильичтің өмірі мен қызметі туралы әңгімелер өткізіп, баяндамалар жасауда және лекциялар оқуда.

Соңғы уақытта В. И. Лениннің Брактегі музейінде көптеген адамдар болды. Порониодағы В. И. Лениннің ескерткіші гүлге бөленуде, бұл ескерткіш РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген тарихи кеңесі болған және бұдан бірнеше жыл бұрын В. И. Лениннің музейі жасалған үйдің алдына орнатылған болатын. Жергілікті газеттер қарт революционерлердің Ленин туралы көптеген корреспонденциялары мен еске түсірулерін басуда.

Қытайда Май алдындағы

Венгер Еңбекшілер партиясының Орталық Комитеті Пленумының қарары

БУДАПЕШТ, 18 апрель. (СОТА). «Сабадаш» газетінің хабарлауына, 14 апрельде Венгер Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің пленумы болған. Орталық Комитет бірауыздан мынадай қарар қабылдаған:

Венгер Еңбекшілер партиясының Орталық Комитеті мынаны анықтады: Имре Надь жолдас, әрі Венгер Еңбекшілер партиясының Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, әрі Венгер Халық Республикасы Министрлер Советінің председателі бола отырып, партиямыздың бүкіл саясатына, жұмысына табынын, еңбекші шаруалардың, халықтық демократияның мүдделеріне мүлде қайшы келетін саяси көзқарастарды жақтап келді. Надь жолдас социалистік құрылыстың қозғаушы күштерін, әсіресе ауыр өнеркәсіптің өркендеуін, ал солада — деревнядағы социалистік қайта құрылыстың шешуші құралын — өндірістік кооператив қозғалысын тежеуге тырысып келді. Ол партияның басшылық ролін екінші дәрежеге ығыстыруға, көмескілеуге тырысып келді және мемлекеттік органдарды, ішінара Отандық халық майданын партияға қарама-қарсы қоюға өркеттенді. Имре Надь жолдас осы әрекеттерінің бәрмен халықтың әл-ауқат дәрежесін арттырудың берік негіздерін қалауға кедергі жасап келді.

Имре Надь жолдастың марксизмге қар-

сы, ленинизмге қарсы, партияға қарсы бұл көзқарастары біртұтас система болып табылады және саяси, шаруашылық, мәдени тұрмыстың әртүрлі салаларын қамтып отыр. Надь жолдастың әрекеті партиямызға, халықтық демократияға, біздің бүкіл социалистік құрылысымызға ауыр нұқсан келтірді.

Надь жолдас өзінің оңшыл оппортунистік саясатын жүзеге асыру мүдделері үшін партияға қарсы және тіпті фракциялық әдістер қолданды, мұндай әдістер маркстік-лениндік партияның тәртібімен және бірлігімен сыйыспайды.

Осының бәрін ескере келіп, Орталық Комитет Надь жолдасты Саяси бюродан және Орталық Комитеттен шығарады және оны партияның талпынуы бойынша істеп келген барлық қызметтерінен түсіреді.

Михаль Фаркаштың ұзақ уақыт бойы Надь жолдастың қате көзқарастарын қолдап келуімен байланысты, Орталық Комитет оны Саяси бюро мен секретариаттан шығарып, оған партияның басқа жұмысын талпырады.

Орталық Комитет Иштван Бовач пен Йозеф Мекши жолдастарды Саяси бюросының мүшелері етіп, ал Ласло Пирош жолдасты Саяси бюросының мүшелігіне кандидат етіп бірауыздан сайлады.

Венгер Халық Республикасы Мемлекеттік жыйналысының сессиясында

БУДАПЕШТ, 18 апрель. (СОТА). Бүгін ақпанда Венгер Халық Республикасы Мемлекеттік жыйналысының сессиясы ашылды. Сессияны Мемлекеттік жыйналыстың председателі Шандор Ронаш ашты. Венгер Халық Республикасы Президиумының председателі Иштван Доби Венгер Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің талпынуы бойынша Президиумының атынан Мемлекеттік жыйналыстың қарауына мынадай ұсыныс енгізді:

Мемлекеттік жыйналыс Имре Надьты Венгер Халық Республикасының Министрлер Советі председателінің міндеттерінен босатады, өйткені ол өз міндеттерін қанағаттанғысыз орындап келді. Мемлекеттік жыйналыс Венгер Халық Республикасы Министрлер Советінің председателі етіп Андраш Хегедюшти сайлайды. Мемлекеттік жыйналыс Йозеф Мекшисті Министрлер Советі председателінің орыңбасары етіп сайлайды.

Индияның „Эйр Индия интернейшл“ авиакомпаниясының „Принцесса Кашмира“ самолетінің апатқа ұшырауы жөніндегі мәлімдемесі

СОВЕТТІК «ТУАПСЕ» ТАНКЕРІНІҢ БАСЫП АЛЫНҒАНЫ ЖАЙЫНДА ВАШИНГТОН, 18 апрель. (СОТА). Баспасөзде хабар етілгеніндей, 1954 жылғы 23 июльде советтік «Туапсе» танкерін күшпен басып алумен байланысты Совет Үкметі АҚШ Үкметіне тиісті ноталар жолдаған болатын. Бұл танкерді Тайвань аралының оңтүстігі жағында ашық теңізде, АҚШ соғыс-теңіз күштері бақылайтын суларда соғыс кемесі басып алған болатын. Совет Үкметі өзінің ноталарында АҚШ Үкметіне наразылық білдіріп, танкер мен оның командасын босатуға шаралар қолдануды талап етті және советтік танкерді басып алғандық үшін, оның экипажының қауіпсіздігін, кеме мен жүктердің сақталуын қамтамасыз ету үшін бүкіл жауапкершілік Америка Құрама Штаттарының Үкметіне жүктеледі деп көрсетті.

АҚШ Үкметі өз ноталарында советтік «Туапсе» танкерін заңсыз басып алуға АҚШ соғыс-теңіз күштерінің қатысқанын дәлелсіз бекер деп, соның өзінде теңізде еркін жүзу бостандығын өрескел бұзудың осы қарақшылық әрекеті жасалған ашық теңіз ауданын АҚШ соғыс-теңіз күштері бақылап отырғандығының барлық жұртқа мәлім фактісіне таласқан жоқ.

Мұнда мәлім болғанындай, СССР-ның АҚШ-тағы елшісі Г. Н. Зарубин 25 және 31 мартта Мемлекеттік Департаментте болған және, АҚШ Үкметінің «Туапсе» танкерінің экипажынан бірнеше совет теңізшілерін «саяси баспана» беру деген сылтаумен күшпен ұстап қалуға ұйғарғаны туралы соңғы уақытта америка баспасөзінде басылған хабарларды дәлелге келтіріп, америка баспасөзінің бұл хабарларының недей бір негіздері бар ма деген сұрақ қойған.

Мемлекеттік Департаменттің қызмет адамдары СССР Елшісінің бұл сұрағына тура жауап беруден жалтарған. Осыған байланысты Г. Н. Зарубин жоғарыда аталған хабарларды Мемлекеттік Департаменттің бекер демеі отырғанын атап көрсетіп, «Туапсе» танкерінің бірнеше теңізшілеріне «саяси баспана» беру деген сылтаумен оларды күшпен ұстап қалуға бағытталған АҚШ Үкметінің заңсыз әрекеттеріне қарсы наразылық білдірген.

«ҚУРАМА ШТАТТАРЫ — АЗИЯЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ДЕРБЕС ӨРКЕНДЕУІНЕ ҚАТЕР»

НЬЮ-ЙОРК, 21 апрель. (СОТА). «Пост Диспетч» газетінің Бандунгтегі тілшісі Грант былай деп жазады: Азия мен Африка елдерінің Конференциясына қатысушы бірсыпыра көрікті адамдармен кездескеннен кейін ол Азия елдері «Құрама Штаттарын Азия елдерінің тәуелсіздігіне және дербес өркендеуіне тәуелді отырған қатер деп бағалап, оларды ағылшын империясының орыңбасары деп есептеуде» деген қорытындыға келген. Бандунгте «АҚШ-тың Азиядан аластатылу қаупінің сезілетіндігін атап көрсете



кездейсоқ жағдайларды неғұрлым болдырмау мәңдетін алға қояды.

Қала еңбекшілерінің көпшілігі жергілікті транспорттың аварияға, кездейсоқ жағдайға ұшырауының себептерін жете түсінбейді, өйткені мұндай жағдайлар қала көшелерінде оншама көп кездеспейді. Дегенмен көшеде жүру тәртібін берік сақтамау, көшеде жүрудің хауіпсіздігін жою үшін күрес жүргізілеу адам өмірі үшін хауіпті екенін естен шығармау керек.

Кейбір азаматтардың көшеде жүру және автомашинаны пайдалану тәртібін бұзуы салдарынан, яғни тек өздерінің кінісінен кездейсоқ оқығаларға кездесетін фактілері аз емес.

Кейде азаматтар жақындап келе жатқан машинаның өтіп кетуін күтпестен ақ алдынан жүгіріп өтуге асығады, сөйтіп өз өмірін хауіпке тіреді. Міне, мұның өзі кездейсоқ оқығаларға ұшырауға әкеліп соғатын негізгі себептің бірі болып саналады. Сондықтан бір-екі минут уақытты үту үшін асығыстық істегеннен гөрі машинаның өтіп кетуінен күткен әлдеқайда пайдалы болады.

Әрбір азамат көшеде жүріп-тұрудың тәртібін жете білуге тиіс. Атап айтқанда, жаяу адамдар тек қана тротуармен жүруге, көшенің бір бетінен екінші бетіне өткенде көшенің түйіскен жерінен өтуге, жақындап келе жатқан машинаның алдынан кесіп өтуге тиіс. Сол сыяқты жүріп бара жатқан автомашинаға секіріп мінуге және автомашинадан қарғып түсуге де болмайды.

Азаматтар машинаның алдынан жүгіріп өткен кезде шоферлардың машинаны кезде тоқтатуға мүмкіндігі болмай қалатындықтан, өтіп бара жатқан адамды басып кетуден сақтану үшін олар машинаны асығыс түрде басқа жаққа бұрады. Мұндай реттерде шофердің көшедегі ба-

етеді. Сондықтан азаматтар ең алдымен өздері көшеде жүру тәртібін берік сақтай отырып, көшеде балаларға кездесіп қалатын кездейсоқ жағдайларға қарсы күрес жүргізіп отырулары қажет. Мұндай жағдайлардан сақтану үшін балалардың көпшілігінің транспорт жүретін бөлегінде, түрлі ойындар ұйымдастыруына, қыс күндері коньки тебуіне, машинаға жабысуына жол бермеу керек.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін жүздеген оқушылар пионер лагерлеріне, сауықтыру орындарына, туристік базаларға барады. Балалар кино-фестивальдары өткізіледі, олар үшін парктер, пионерлер үйлері, кітапханалар жұмыс істейді. Демек бізде балалардың көшенің транспорт жүретін бөлегінде өмірге хауіпті ойындар ойнауына жол бермеу үшін қажетгі мүмкіншілік толық жеткілікті. Бұл жөнінде түсінік беру, көшеде белімен тәртіпсіздік істеп жүрген балалардың қылығы жөнінде ата-аналарын шақырып алып айту арқылы милиция органдары да бірқатар жұмыстар жүргізуде.

Алайда, кейбір ата-аналар мұндай реттерде балаларын қорғап, милиция қызметкерлерінің өздерін мінәлауға тырысады. Бірақ, олар мұндай ретсіз «қорғау» баланың мінез-құлқының, тәртібінің бұзылуына әкеліп соғатындығын ескермейді.

Көшеде жүру тәртібін берік сақтаумен бірге, балалардың зақым болуына жол бермеу үшін күрес жүргізу әрбір совет азаматының борышы. Азаматтар өзінің Отан алдындағы, семья алдындағы міндеті мен борышын ұмытуға тиіс емес. Олай болса олар өмірінің хауіпсіз болуы үшін кездейсоқ оқығаларға кездесуден әрқашан сақ болулары керек.

**С. САНЬКО,**

**Мемлекеттік автомобиль инспекциясы облыстық басқармасының бастығы.**

«Ленин туының» дабылынан кейін

## „Мал күтімі нашар“

Газетіміздің осы жылғы 2 февральдағы номерінде жарияланған «Мал күтімі нашар» деген мақала жөнінде ҚБП Петропавл аудандық комитетінің секретары Л. Петухов жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Газетіміздің үстіміздегі жылғы 16 февральдағы номерінде жарияланған «Ұйым жұмысы нашар» деген мақала жөнінде Приешің аудандық комсомол комитетінің секретары Г. Шигапов жолдас редакция-

Мақалада көрсетілген фактілер анықталды. Мал фермасы кадрлармен толықтырылып, МТС жемінен тасу жұмысын тездетті. Бастауыш партия ұйымы мен колхоз басқармасы жемпөпті жұмсауға бақылау ұйымдастырды.

\*\*\*

ға, бұл мақала «Бостандық» колхозындағы бастауыш комсомол ұйымының жыйналысында талқыланып, ұйым жұмысын жақсартуға бағытталған қаулы қабылданылғанын хабарлады.

**ПЕКИН, 21 апрель. (СОТА).** ҚХР кәсіп орындарында еңбекшілердің Май алдындағы жарысының толқыны өсе түсуде.

Пекин фабрикалары, заводтары мен құрылыстарының жұмысшылары еңбекшілердің жақындап келе жатқан халықаралық мерекесін өндірістік жаңа жеңістермен қарсы алуда. Пекиндегі вагон депосының жөндеушілер бригадасы апрельдің алғашқы жартысында жолаушылар вагондарын жөндеудің жарты айлық жоспарын мерзімінен 4 күн бұрын аяқтап, жөндеу жұмысының жоғары сапада өткізілуін қамтамасыз етті. Цзянхуа шойын құю зауытының коллективі жарты айлық тапсырманы артығымен орындап, кәсір бүкіл апрель айының жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін күресуде. Пекиннің үшінші құрылыс конторының кестер құрылысында май алдындағы жарысқа барлық құрылысшылардың 98 проценті қатысуда.

Қытай баспасөзі сонымен бірге май алдындағы жарыстың Аньшань және Шанхай металлургияларының, Чженчжоу ірі фабрикасы құрылысшыларының, Харбиндегі жылыр ташығы комбинаты тоқымашыларының арасында табысты өрістетілгендігі туралы хабарлайды.

## Шетелдердегі ереуіл қозғалыстары

**БОПЕНГАГЕН.** Данияда ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ереуілі әлі де тоқталған жоқ, ереуіл екінші апрельде басталған болатын. Ереуіл көтерушілер жұмыс күнін 8 сағатқа дейін азайтуды талап етуде. Ірі ауылшаруашылық иелері жаңжалды швелестіре түсуге тырысып, локаут жариялады, қала халқын сүт өнімдерімен жабдықтаудан бастартты.

Кеше Бопенгагенде сүт тек балаларға ғана берілді. Қоймалардағы май запасы қаланы тек бірнеше күн бойына ғана жабдықтауға жетеді.

**БРЮССЕЛЬ.** Бельгия газеттері былай деп хабарлайды: Люксембургте 2 мыңға жуық шахтерлер ереуіл жариялап, жалпақын арттыруды талап етуде.

«Драно руж» газетінің атап көрсетуіне қарағанда, елдің біршығыра көмір және металлургия компанияларының шахтерлері қатысып отырған осы ереуіл Люксембургте 1921 жылдан бергі болған ереуілдердің ең ірісі болып табылады.

20 апрель. (СОТА).

**ЛОНДОН, 18 апрель. (СОТА).** Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Индияның «Эйр Индия интернешнл» авиакөпаниасы мәлімдеме жариялаған, мәлімдемеде былай делінген: 11 апрельде Оңтүстік Қытай теңізінде апатқа ұшыраған «Принцесса Камшира» самолёті экипажының тірі қалған үш мүшесінің пікірінше, «апат тудырған жарылыс пен өрт самолёттің тетіктерімен мүлде байланысты емес сыртқы бөгде фактордан болған».

Мәлімдемеде былай деп көрсетілген: «Тірі қалғандардың хабарларына қарағанда, самолёт Натун аралына таяу жерде шамамен 18000 фут биіктікте бірқалыпты ұшып келе жатқан кезде іштей жарылған күңгірт дыбыс естіліп, ауз таратқыш арқылы кабинаға ақ түтін кіре бастаған».

## Батысберлиндік өкмет орындарының жүгенсіздігі

**БЕРЛИН, 21 апрель. (СОТА).** Баспасөздің хабарлауына қарағанда, Батыс Берлиннің полициялық өкмет орындары Кеше Париж келісімдеріне қарсы шығушылардың жалпыберлиндік кездесуін өткізуге тыйым салды.

Бұрын белгілі болғанындай, кездесуді әзірлеу жөніндегі комитет кездесуді 20 апрельде «Функтурм» үйінде өткізуге ұйғарылғандығы жөнінде күні бұрын жариялаған болатын. Батысберлиндік өкмет орындары соңғы уақытқа дейін бұған қарсылық білдірген жоқ еді. Оның үстіне, полиция органдары кездесу басталардан бірнеше сағат бұрын ғана кездесуді әзірлеу жөніндегі комитетке олардың қолында бұл шараға тыйым салу үшін ешқандай негіз жоқ екендігі туралы мәлімдеген болатын.

Алайда, шындығында, полиция арандатушылығы әзірленді. Кездесуді өткізуге

Бағаж бөліміндегі өртке қарсы қолданылатын система іске қосылған, осы бөлмеде өрт сөндіргіштердің тығыны дереу ашылған, бірақ бұдан ешбір пайда болмай, лапылдаған от оңжақ қанатқа түгел жайылған, осы кезде самолёттің бүкіл ішіне, сонымен бірге ұшқыштың кабинасына да түтін толып кеткен».

Мәлімдемеде бұдан кейін былай делінген: «Кашитан Д. Б. Джатар дереу суға қонуға ұйғарған, бірақ оңжақ қанаттың істен шығуы және ұшқыштың кабинасына түтін кіріп, жан-жақты көруді қиындатуы салдарынан самолётті қондыру өте қиын болған».

Самолет суға құлап, дереу батып кеткен».

белгіленген үйдің маңына және маңайдағы көшелерге күшейтілген полиция қойылды. Кездесудің басталар алдында оған қатысатын жүздеген адамдар жыйналған уақытта Батыс Берлин сенатының чиновнигі комитетке «Функтурм» үйін пайдалануға тыйым салынатындығы туралы хабарлады.

Батысберлиндік өкмет орындарының бұл сыяқты заңға қарсы әрекеті Берлиннің екі бөлегіндегі бейбітшіл неміс өкілдерінен «Функтурм» үйінің жанына жыйналғандардың ашу-ызасын және наразылығын тудырды. Кездесуге қатысушылардың наразылығына жауап ретінде полицияліктер резинка шоқпарларға ерік беріп, 70-ке жуық адамды тұтқынға алды.

Кездесуді әзірлеу жөніндегі комитет батысберлиндік өкмет орындарының заңсыз ісіне қарсы батыл наразылық білдірді.

тар АҚШ-тан «отаршыл державалар мен диктаторларды» қолдайтын елді көріп отыр деген дәлелге өзінің қатты күйзелетіндігін білдіреді.

«Крисчен сайенс монитор» газетінің тілшісі Стид Вандунгтен жазған өзінің мақаласында, атап айтқанда, былай деп жазады: «Конференциядан алынатын шегізгі сабақ — азиялықтардың алдағы уақытта Азияны өздері басқаруға ниеттеніп отырғандығын мойындау болып табылады... Африкалықтар да, сол сыяқты өздерінің континентін африкалықтар басқаруға тиіс деп мәлімдеуде».

## ИТАЛЬЯН ҮКМЕТІ ЮРИСТ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫ БЮРОСЫНЫҢ МӘЖЛІСІН БОЛДЫРМАЙ ТАСТАДЫ

**РИМ, 20 апрель. (СОТА).** Юрист-демократтардың халықаралық ассоциациясы былай деп хабарлады: 13 апрельде Римде ассоциация бюросының мәжілісі болуға тиіс еді, бұдан көп бұрын Италия сыртқы істер министрлігі бұл мәжіліске келуге арнаулы рұқсат қажет ететін елдердің өкілдеріне, атап айтқанда ССРО, Қытай Халық Республикасы мен Поляк Халық Республикасының өкілдігіне рұқсат қағаз беруге өздерінің келісетіндіктерін ресми түрде мәлімдеген еді. Бірақ бұл өкілдердің келуіне рұқсат қағаздары берілмеді. Ассоциацияның мазмұнамасында былай делінген: «Мұның өзі бюроны мәжіліс өткізу мүмкіндігінен айырды, бұл мәжілісте халықаралық право принциптерінде әртүрлі елдердің бейбітшілікпен қатар өмір сүру проблемалары қаралуға тиіс еді. Қандай ғана жағдайда болмасын өз мақсатына жетуге бекінген бюро қандай да болмасын басқа бір елде мәжіліс өткізетін болады».

Редактор **Ғ. МУХАМЕДЖАНОВ.**

### ТҮПКИЛІКТІ ЖҰМЫСҚА:

Күрделі құрылыс бөлімінің бастығы, құрылысшы-инженер, прораб, аға бухгалтер, тас қалаушылар, арматуршылар, бетоншылар, ағаш шеберлері, монтаждаушы-слесарьлар, көмекші жұмысшылар, электр монтерлері, электрмен және газбен болат балқытушылар, автомобиль ісі жөніндегі слесарьлар, вулканизаторлар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Крепость көшесі, 2-үйге келіп түсінік алуға болады.



Облыстық драма театрында  
**«АНЯ БЕРЕЗКОНЫҢ МАХАББАТЫ»**

Ойын кешкі сағат 8-де басталады.

**«УДАРНИК»** кинотеатрында

**«ДАЛА ҚЫЗЫ»**

Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

**«ОКТЯБРЬ»** кинотеатрында

**«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»**

I сериясы кешкі сағат 5, 9-да басталады.

II сериясы кешкі сағат 7-11-де басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орымбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5,53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.